



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИТОРЛАР – ҚАЗАҚСТАНДЫ ДАМУДАҒЫ ЖАҢА МҮМКІНДІК



Ресей-Украина қақтығысынан кейін Еуразия кеңістігі үшін ең тартымды нарық саналатын Ресейдегі жұмысын тоқтататынын жариялаған шетелдік инвесторлар көбеюде. Бұл жағдай Қазақстан билігі үшін елдің өндірістік-технологиялық дамуын қамтамасыз етуге жаңа мүмкіндік беріп отыр.

Сарапшылардың айтуынша, тәуелсіздік жылдары

елімізге 390 млрд доллардың тікелей шетелдік инвестициясы тартылғанымен, оның тиімділігі біз күткендегідей нәтижелі болған жоқ. Сондықтан Жаңа Қазақстанның экономикалық және сыртқы инвестициялық саясаты түбегейлі өзгерісті қажет ете бастаған еді. Енді бұл олқылықты түзетуге Сыртқы істер министрлігі бел бұғанын сөзімен емес, ісімен дәлелдей бастаған сияқты.

(Соңы 3-бетте)

БАЗЫНА

СЕНАТОРДЫ КӨБЕЙТКЕННЕН НЕ ПАЙДА?

«Балапанды күзде сана» дегендей, биыл Парламенттің жоғары палатасындағы депутаттар саны 49-дан 55-ке ұлғаймақ. Нақты айтқанда, жетінші шақырылымның күзгі сессиясында олардың қатарына жаңадан 6 сенатор қосылады. Бұл өзгеріс арнайы заңмен бекітілген. Онда Мемлекет басшысы Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарынан Сенат депутаттарын сайлауды 2022 жылғы 24 тамызға белгілеп, Үкіметке сайлауды ұйымдастыру, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылдауға қаулы етті.


Жалпы, Сенат құрамын әрбір облыс, республикалық маңызы бар қала және Қазақстан астанасынан екі адамнан сайланатын депутаттар құрайды. Сенаторлардың тең жартысы әр үш жыл сайын қайта сайланады. Сондай-ақ Сенат

тың он бес депутатын ҚР Президенті тағайындайды. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі 1998 жылғы қазанға дейін төрт жыл, ал 1998 жылғы қазаннан бастап алты жыл болды. Сондықтан 2017 және 2020 жылдары сайланған, 2017 және 2019

жылдары тағайындалған Сенат депутаттарының өкілеттігі конституциялық нормаға сәйкес жалғаса береді. Қолданыстағы заңнама бойынша, Парламент өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған сәттен басталып, одан кейін жаңадан сайланған Парламенттің бірінші сессиясының жұмысы басталғанда аяқталады. ҚР Парламентінің қазіргі жетінші шақырылымы өз жұмысын 2021 жылғы 15 қаңтарда бастаған болатын.

1996 жылғы 8 ақпанда қабылданған ҚР Парламенті Сенатының регламенті бойынша, Сенатта жұмыс қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Отырыстар, әдетте, мемлекеттік тілде өткізіледі. Егер Сенат отырысына депутаттардың жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысса, ол заңды деп саналады. Конституциялық заңдар палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен қабылданады. Заңдар, Сенаттың қаулылары және өзге де актілері, егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Конституциялық заңның және заңның жобаларын тұтастай қабылдау. Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



СҮЙНІШ

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйырса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

– Детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
– детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
– шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
– осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар. Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады. Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҒЫЗ!
ІСКЕ СӨТ!



СӨТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Нүрия СИСЕНОВА,
Қазақстан Республикасы Жоғары
Сот Кеңесінің мүшесі:

«БІЛІКТІЛІК ЕМТИХАНЫ – СОТ КОРПУСЫНА ЛАЙЫҚТЫЛАРДЫ ІРІКТЕЙТІН САПАЛЫ СҮЗГІ»

– Нүрия Оралжанқызы, Жоғары Сот Кеңесінің негізгі мақсаты мен міндеті неде? Бұл институт өзіне артылған сенімді ақтады деп айта аламыз ба?

– Жоғары Сот Кеңесі – дербес мемлекеттік ұйым. Кеңестің басты мақсаты – Президенттің сот корпусын қалыптастырудағы өкілеттігін, судьялардың тәуелсіздігін, оларға қол сұғылмауын қамтамасыз ету. Кеңес қызметінің төрт негізгі бағыты бар. Олар: судьялар лауазымына біліктілік емтиханын алу, судьяларды іріктеу, кадр резервін қалыптастыру, судьяларға қатысты тәртіптік істерді қарау. Мұндай ұйым дамыған мемлекеттерде, атап айтқанда, Италия, Испания, Сингапур, Франция, Бельгия, Канада сынды әлемнің көптеген елдерінде бар.



(Соңы 5-бетте)

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

ӘКІМШІЛІК СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Құрметті болып өмір сүру жақсы, бірақ оның жауапкершілігі өте үлкен» дейді халық даналығы. Сол айтпақшы, мемлекет дамуындағы, қоғам алдындағы сот билігінің мәртебесі қандай асқақ, биік болса, жұмысының жауапкершілігі де соншалықты жоғары. Халқы сотына сенетін қоғам орнату – барлық мемлекеттегі басты бағдар. Себебі соттың абыройы мемлекеттің абыройымен тең. Осыған орай тәуелсіздік жылдарында елдің тәуелсіз сотын қалыптастыру жолында қиуар шаруалар қолға алынып, көптеген бастамалар оң нәтижесін берді. Соның дәлелі – былтырдан бастап қолданысқа енгізілген әкімшілік әділет институты.

Әкімшілік әділет өркениетті елдерде өзін-өзі толық ақтаған, ел игілігіне риясыз қызмет етіп келе жатқан институт саналады. Жеке және заңды тұлғалардың құқығы мен бостандығын жан-жақты қорғап, мемлекеттік қызметтің сапасын көтеруде тиімділігін көрсеткен бұл институтты Қазақстанда енгізу керектігі біраздан бері айтылып, судьялар арасында талқыға салынып жүрген еді. Жаңа бастаманы тәжірибеде сынап көрудің сәті былтырғы жылдың 1 шілдесінен басталды. Осыдан 11 ай бұрын Әкімшілік-рәсімдік процесстік кодекс қолданысқа енгізіліп, соның нәтижесінде республиканың әр өңірінде жаңа әкімшілік соттар құрылып, өз жұмысын бастап кетті. Енді, міне, бір жылға жуық уақытта атқарылған жұмыстардың қорытындысы да көпшілік көңілін шығып отыр.

Еліміздің түкпір-түкпіріндегі 21 әкімшілік сотқа тек алғашқы төрт айдың өзінде 9 мыңнан астам іс түскен. Орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар сотта бұл істердің 49 пайызында ұтылған. Басқаша айтсақ, сотқа жүгінген барлық адамдар мен кәсіпкерлердің жартысынан астамы өз талаптарының дұрыстығын дәлелдеп, мемлекеттік органдар актілерінің заңсыз шығарылғанына соттың көзін жеткізе білген. Ал әкімшілік әділет институты енгізілгенге дейін азаматтар мен кәсіпкерлердің 85 пайызы сотта жеңіліс табатын. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің бұл он өзгерісте жетекші орынға ие екенін айту артық. Оны жаңа соттарда ісі қаралған азаматтар жақсы түсінсе керек.

Ал Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің артықшылығы неде? Ол несімен азаматтардың көңілінен шықты? Дәл қазір бұл сұрақтарға жауап беру жеңіл. Себебі бір жылға жуық тәжірибе барысында жаңа кодекстің басымыдықта-



Тұрсынғұл ҮМБЕТОВА, Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ры байқалды. Ең алдымен, әкімшілік әділет мемлекеттік құрылымдармен дауласқанда азаматтардың құқығы мен мүддесін қорғауымен ерекше. Бұрын барлық жақтан қаруланған, заңдық жағынан мықты күшке ие мемлекеттік органдарға талап қойып, сотта өз құқығын дәлелдеу азаматтарға оңай соқпайтын. Ендігі жерде азаматтарға өз сөзінің дұрыстығын дәлелдеу қажет емес. Дәлелдеу міндеті мемлекеттік органдарға жүктелген. Сонымен бірге, кодексте соттың белсенді рөлі белгіленген. Яғни, сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемесімен, арызмен, өтінішхатымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, енді әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді. Судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы. Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды.

Бұдан бөлек, ӘРПК-нің 18-тарауында сот өндірісіндегі процесстік мәжбүрлеу шаралары белгіленген. Аталған шараларға ескерту, сот отырысы залынан шығарып жіберу, ақшалай өндіріп алу жатады. Алдыңғы екеуі – сот ісін жүргізде қолданылып жүрген шаралар. Ал ақшалай өндіріп алу мәжбүрлеу шарасы

– әкімшілік іс жүргізудегі жаңа ұғым. Ақшалай өндіріп алу жеке тұлғаға, лауазымды тұлғаға, заңды тұлғаға не оның өкіліне он айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) бастап 100 АЕК дейінгі мөлшерде қолданылады. Аталған шараны сот процесстік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процесстік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып, дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайларда, егер бұл әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмегені, сотқа уақтылы хабарламағаны, кері қайтарып алуды уақтылы бермегені, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбағаны, сотта белгіленген қағидаларды бұзғаны, сондай-ақ сотты және судьяны құрметтемегені туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) үшін қолдануға құқылы. Ақшалай өндіріп алуды қолдану тараптарды заң мен сотқа құрметпен қарауды қалыптастыру және сот ісін жүргізу міндетін орындауға ықпал етеді.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің тағы бір ерекшелігі – сот шешімінің орындалуын бақылауы. Соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін сот оны үш жұмыс күні ішінде орындау үшін жауапкерге жібереді. Жауапкер әкімшілік іс бойынша соттың шешімін заңды күшіне енген күнінен бастап бір ай мерзімде орындауға міндетті, ол туралы сотқа хабарлауы тиіс. Егер соттың шешімі белгіленген мерзімде ерікті түрде орындалмаған жағдайда, бірінші сатыдағы сот осы кодекстің 127-бабында белгіленген мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолданады.

Соттың шешімін, ақшалай өндіріп алу туралы соттың ұйғарымын орындамау даусыз тәртіппен осы кодекстің 127-бабының тоғызыншы бөлігінде белгіленген мөлшерде қайталап ақшалай өндіріп алуға алып келеді. Осылайша, жаңа әкімшілік сот өндірісі сот жүйесіндегі жағымды өзгерістердің бірегейі болып табылады. Мақсат – сот жүйесін халыққа жақындатып, мықты әрі тиімді, азаматтардың құқығы мен бостандығын сенімді қорғауға қабілетті жүйе құру.

Еліміздің сот жүйесінің дамыған мемлекеттер сапына қосылуына өз үлесімзді қосу – біз үшін мәртебе, мақтанш. Қорыта келе, әріптестерімді әкімшілік соттардың бір жылдық мерейтойымен құттықтаймын. Еліміздің игілігі жолындағы жауапты жұмыстарыңыздың әр күні сәтті болсын!

ҚАДАҒАЛАУ

ПОЛИЦИЯ КЕЗ КЕЛГЕН ШАҒЫМДЫ ҚАБЫЛДАУҒА МІНДЕТТІ

Қылмыс жасалса, міндетті түрде полиция шақыру керек. Егер әкімшілік іс болса, онда құзырлы органға барып, жазбаша түрде арыз жазу керек. Полицияның кезекші бөлімшесі кез келген шағымды қабылдауға міндетті. Арыз түсірудің екі түрі бар: ауызша және жазбаша. Олардың екеуі де тіркеледі.

Полиция органына қылмыс немесе оқиға болғандығы туралы арызбен шағымданған кезде, арызды тіркеумен қатар, жедел кезекші бөлімі өтініш берушіге 15 сандық коды бар хабарлама-талонның береді. Хабарлама-талон екі бөліктен тұрады: қылмыстық қудалау органында қалатын хабарлама және талонның артқы жағында өтініш берушіге берілетін ескерту талоны.

Ескерту-талонның артында келесі мәліметтер көрсетілген: <http://service.pravstat.kz> интернет-ресурсының мекенжайы, 1012 (SMS қызметі), 8-800-080-7777 (қалалық телефоны), 1414 (ұялы телефоны), және өтінішті қабылдаған қылмыстық қудалау органының телефон нөмірлері арқылы өтініш беруші өзіне керекті ақпаратты ала алады.

Сіз полиция бөліміне келгенде, қандай да бір себептермен олар өтінішті қабылдаудан бас тартса немесе сізді мекенжайыңыз бойынша басқа полиция бөліміне жіберген болса, сондай-ақ «басқа орган немесе басқа бөлім осындай қылмыстарды тергеу жатыр» немесе «уақыт жағынан ертерек шағымдану керек еді», «жұмыс күні аяқталды» және «өтінімдер бүгін қабылданбайды» деуі заңсыз. Мұндай жағдаймен бетпе-бет келгенде, мынаны білуіңіз қажет. Полиция қызметкерлерінің әрекеті ҚР Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі №89 «Қылмыстық құқықбұзушылықтар туралы мәлімдемелерді, хабарламаларды немесе баяннаттарды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімін жүргізу ережесін бекіту туралы» бұйрығымен реттеледі. Қылмыстық құқықбұзушылық туралы арыздар мен хабарламаларды немесе кез келген жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы басқа ақпаратты, олардың жасалу орны мен уақытына, аумақтылығына, сондай-ақ хабарланған мәліметтердің толықтығына қарамастан қабылдауды полиция органының кезекші бөлімі тәулігі бойы жүзеге асырады.

Кезекші бөлім қызметкерлеріне тіркеуге тиісті шараларды қабылдау үшін, өтініштерді «Qamqog.gov.kz» интернет-ресурсы арқылы жіберуге мүмкіндік қарастырылған. Егер сіздің өтінішіңіз қараусыз қалдырылса, сізге себебі түсіндірілген жазбаша түрдегі хабарлама келуі қажет.

Сондай-ақ сіз өз өтінішіңізді пошта арқылы жібере аласыз, бұл жағдайда ол кіріс хат-хабардың жалпы ережелеріне сәйкес полиция бөлімінде тіркеледі, содан кейін ол 24 сағат ішінде Ақпаратты есепке алу кітабында қайта тіркелуі керек. Орындалушы қабылданған шешім туралы өтініш берушіге жазбаша түрде хабарлауға және сонымен бірге оған қабылданған процессуалдық шешімге шағымдану құқығын түсіндіруге міндетті. Яғни, сіз құқықбұзушылықты кім қарастыруы қажеттігіне қарамастан, өтінішіңізді кез келген полиция басқармасына немесе бөліміне беруіңізге болады.

Прокуратура органдары өтінішті қабылдаудан бас тарту фактісін анықтаған кезде, тиісті шаралар қолданады. Өтінішті қабылдаудан бас тартқаны үшін полиция қызметкері тәртіптік жазаға тартылады және келесіде қайталанған жағдайда, оның салдарынан қызметкерді ішкі істер органдарынан босатуға дейін шешім қабылданады.

Ж.КАРБОЗОВ,
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Алматы қаласы бойынша басқарма прокуроры

ПӘРМЕН

ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК КЕМСІТУШІЛІККЕ ЖОЛ БЕРМЕЙДІ



Гендерлік саясат – ел дамуының басты бағыттарының бірі. Тәуелсіздік алғалы еліміз ер мен әйелдің құқығын, заңдық мүддесін қорғауда елеулі жетістіктерге жетті. Қазақстандық гендерлік саясатты қалыптастыруда халықаралық тәжірибелер қолданылды. Ата Заңымызда мемлекеттің басты қазынасы – адам екені айқындалып, әйел мен ердің теңдігі нақты көрсетілді. Заң мен сот алдында барлық адамның теңдігі, соның ішінде жыныстық белгілері бойынша ешкімнің де дискриминацияға тартылмайтындығы, сондай-ақ, ана мен әкенің тең деңгейде қорғалатындығы бекітілді. Елімізде әйелдер, оның ішінде ана-

лар мен балалар құқығын қорғауға байланысты қоғамдық ұйымдар құрылды. Қазақстан БҰҰ-ның әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтіп, қорғау саласындағы құжаттарына қосылды. Солардың бірі – БҰҰ-ның «Әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық формаларын жою туралы» конвенциясы. Президент әкімшілігі жанынан Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Бұл комиссия елдегі әйелдер мүддесін көздейтін, мемлекеттік органдар мен халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар арасын байланыстыратын дәнекерге айналды. Заңдық тұрғыдан да әйелдер мүддесі барынша қорғалуда.

Отбасы институты мемлекетімізде әлеуметтік қорғаудың айрықша нысаны ретінде қаралады. Себебі, дамудың жаңа кезеңінде адами капиталдың сапасына әсер ететін барлық әлеуметтік институттардың арасында отбасының рөлі қашан да маңызды. Гендерлік теңдік отбасы мүшелерінің тұрмыстық, экономикалық, тәрбиелік және басқа да маңызды функцияларын орындау жауапкершілігін қамтамасыз етеді. Алайда, отбасындағы зорлық-зомбылық жағдайлары түбірімен жойылды дей алмаймыз. Статистика орта есеппен алғанда әрбір үшінші әйелдің өз өмірінде ұрып-соғуға, жыныстық мәжбүрлеуге, басқа да қатыгездікке ұшырайтынын көрсетіп отыр. Бұл тұрғыда мемлекетімізде «Ер-

лер мен әйелдердің тең құқығы мен тең мүмкіндіктеріне берілетін мемлекеттік кепілдіктер туралы», «Тұрмыстық сипаттағы зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңдар қабылданды. Отбасылық және гендерлік саясаттың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы жұмыс істейді. Аталған құжат қоғамдағы олқылықтарды жойып, гендерлік саясатты жан-жақты дамытуға бағытталған. Дәстүрлі қазақ қоғамында да ер адам мен әйелдер арасындағы теңдік, өзара сыйластық ежелден қалыптасқан, ешқандай кемсітушілік болған емес. Жалпы, елімізде адам құқығының сақталуына ерекше мән берілген.

Соңғы жылдары билік пен шағын және орта бизнестегі әйелдердің үлес салмағы артты. Кәсіппен айналысуда да әйелдерге толықтай көмек көрсетілу де. Ғылым мен білім, денсаулық, т.б. салаларда да бұл көрсеткіш жоғары. Әйелдер қауымы мемлекет пен қоғам өмірінің барлық саласында еңбек етуде. Гендерлік теңдік саясаты мемлекеттік тұрғыда жоғары деңгейде жүзеге асып жатқандықтан, Қазақстанда отбасыға, ана мен балаға қолдау көрсетудің кешенді жүйесі қалыптасқан деп сеніммен айта аламыз.

Д. ҚАРЫМБАЕВ,
Алматы қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

БІЛГЕН ЖӨН



ҰСЫНУ ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША МҰРАҒЕРЛІК ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ?

Мұрагерлік – қайтыс болған азамат (мұра қалдырушы) мүлкінің басқа адамға (адамдарға) – мұрагерге (мұрагерлерге) ауысуы. Мұрагерлік өсиет бойынша және заң бойынша жүзеге асырылады.

Ұсыну құқығы бойынша берілетін мұрагерлік – бұл заңға сай мұрагерлік аясында мұраны алу нұсқаларының бірі. Бұл тәртіп өсиет болмаған жағдайда қолданылады. Ұсыну құқығы бойынша мұрагерлік тәртібінде мыналарды түсіну маңызды: мұрагердің үлесі оның ата-анасы мұра ашылғанға дейін тірі қалғанда алатын үлеске тең болады. Бұл ретте қанша ұрпақтың мұрагерлікке шақырылатыны маңызды емес, үлес өсетейді. Мәселен, егер мұра қалдырушының екі ұлы болса, ал олардың біреуі мұра қалдырушы қайтыс болғанға дейін қайтыс болса, онда бірнеше немересі мұрагер болған кезде олардың әкесінің 1/2 үлесі осы немерелер арасында тең үлесте бөлінеді. Ал қалған екінші ұлының үлесі еш кемітпей 1/2 бөлігінде қабылданады.

Нотариусқа өтініш берудің алты айлық мерзімін өткізіп алмау қажет, әйтпесе мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру рәсімі қажет болады.

Нотариусқа ұсынылатын құжаттар арқылы мүлкті мұрагерлік етуде сіз мұра алатын адаммен туыстық қатынасыңызды растауыңыз керек.

Мұраны ұсыну тәртібімен үміткерлердің бәрі бірдей ала алмайды. Белгіленген тәртіппен лайықсыз деп танылған мұрагерлер өз ұрпақтарын ұсыну құқығынан автоматты түрде айырылады.

Ұсыну құқығы үшін ерекше мұрагерлік кезек бар:

- бірінші үміткерлер – заң бойынша бірінші кезеңнің мұрагерлері ретінде туыстық дәрежесі бойынша шектеусіз, тікелей ұрпақтары: немерелері, шөберелері және т.б.;

- екіншісі – екінші кезең шеңберінде мұра қалдырушының ата-анасы бір және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-қарындастарының (сінділерінің) балалары (мұра қалдырушының жиендері);

- үшіншісі – үшінші кезеңге енетін мұра қалдырушының немере аға-інілері, апа-қарындастары (сінділері).

Осылайша, ұсыну құқығы бойынша мұрагерлер тек бірінші, екінші және үшінші кезектегі заң бойынша мұрагерлердің ұрпағы бола алады. Олар тірі болса тиісті кезек шеңберінде қайтыс болған мұрагердің орнын басады.

Айнұр САМАТОВА,
Ақтөбе нотариаттық округінің нотариусы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИТОРЛАР – ҚАЗАҚСТАНДЫ ДАМУДАҒЫ ЖАҢА МҮМКІНДІК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алматыда Honeywell компанияның жаңа зауытының ашылу рәсімінде Сыртқы істер министрінің орынбасары Алмас Айдаров жария түрде Ресей нарығынан кететінін мәлімдеген шетелдік инвесторлардың арасынан наурыздан бері Қазақстан үшін маңызды деп саналатын 265 ірі компанияны анықтағанын айтты. Қазір олармен келіссөздер жүріп жатыр екен.

– Біз олардың ресейлік кеңсесімен емес, шетелдегі бас кеңселерімен тікелей келіссөз жүргізіп жатырмыз. 50 компания әзірге аймақтық кеңсе не өндіріс орындарын басқа елге көшіруді қарастырып отырған жоқпыз деп бас тартты. Ал 43-імен жаңа өндіріс орнын ашуға немесе орталық кеңселерін Қазақстанға көшіруге қатысты келісім бар. Соның бірі – Honeywell. Олардың Орталық Азиялық кеңсесін осында көшіруге келіссөз жүргізіп жатырмыз. ТикТок компаниясы да Ресейдегі сервисінде қолжетімділік шектелгендіктен, Қазақстанда кеңсесін ашуды жоспарлап отыр. Сыра өндіруші Carlsberg компаниясы да Ресейдегі өндірісінің бір бөлігін жауып, Қазақстанға көшірмек.

Ал ресейлік компанияларға аса мән беріліп жатқан жоқ. Өйткені оларға біздің нарық таныс және түсінікті. Мәселен, 5 айдағы статистикасын салыстырғанда, былтырғы кезеңде елімізде Ресейдегі жеке тұлғалардың қатысумен 450-дей кәсіпорын ашылған. Ал биыл оның саны 3 мыңға дейін жетіп отыр. Оның басым бөлігі сауда, ақпараттық технологиялар, өндіріс және тағы басқа салаларда, – деген А.Айдаров

шетелден кеткен ірі компаниялар үшін американдық Honeywell жақсы үлгі көрсетіп отырғанын алға тартты.

Өндірістік технологиялар бойынша әлемдегі алпауыт 100 компанияның қатарына кіретін американдық инвесторлардың шығаратын өнімі Қазақстан ғана емес, аймақтағы басқа да елдер үшін баламасы жоқ, бірегей ноухау болып табылады. Әлем бойынша қызметкерлерінің жалпы саны 110 мың адамды құрайтын бұл өндіріс орнының Қазақстанға келуі елдегі инвестициялық ахуалдың жақсы екенін көрсетуде зор маңызға ие. Келесі жылы американдық бұл компания мұнда тағы бір жобасын жүзеге асырмақ. Қазақстан олармен 1998 жылдан бері ынтымақтастық орнатқан. Егер Қазақстанға инвестиция салуда АҚШ екінші орында тұрғанын және американдық компаниялар қай уақытта да жоғары технологиялығымен ерекшеленетінін ескерсек, оның Орталық Азия кеңсесінің Қазақстанда орналасуына ең алдымен өзіміз мүдделіміз.

– Инвесторларға біз дайын алаңдар ұсынылған мүмкіндіктер картасы бойынша республикадағы барлық өңірлерді ұсынудамыз. Өйткені уақыт қысқа, ешкім бәрін нөлден бастағысы келмейді. Қазіргі таңда келіссөз жүргізіліп жатқан шетелдік инвесторлар арасында 1-орында 40 компаниясы бар Германия тұр. Одан кейін АҚШ, Жапония, Италия, Түркия және басқа елдер бар. Олардың салалары әртүрлі. Дегенмен, өңдеу өнеркәсібі мен тамақ өнеркәсібі басымдау. Ал ақпараттық технологиялық компаниялардың тек ірілерімен ғана жұмыс істеп жатырмыз. Ұтқыр шағын және орташа компаниялар қазірден өз орнын тауып жатыр. Инвестици-

яның жалпы көлемі туралы айтуға қазір ерте. Мәселен, Филип Морриспен электрондық темекіні Қазақстанда шығару туралы келіссөз жүріп жатыр. Олар оны бұрын Ресейде өндіріп келген болатын. Ондағы инвестиция көлемі 110 млн доллар. Ал жаңадан ашылатын жұмыс орны 200 адамды құрайды. Carlsberg де солай, олар да өз сырасын бұрын Ресейде өндіріп келген. Енді жаңа желі ашып, осында өндірімек, – деген Сыртқы істер министрінің орынбасары Қазақстанның салықтық, кедендік жүйесінде инвесторлардың бәріне бірдей талап қойылып, олар шетелдік және отандық деп бөлінбейтінін жеткізді. Өйткені тіркелген кезде бәрі қазақстандық заңды тұлға болады.

Жалпы, шетелдік инвестиция деген кезде ең алдымен жаңа технология, инновация, жаңа өнімдерге басымдық беріледі. Қазақстан шетелдік инвестицияны тартуда 2021 жылы пандемияға дейінгі деңгейге оралды. Ел экономикасына салынған 23 млрд долларлық шетелдік инвестиция 2019 жылғымен бірдей. Биыл І тоқсанның мәліметі бойынша, өсім 54 пайызды құрап отыр. Бұл дағдарыс жағдайында жақсы көрсеткіш деуге болады.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыровтың сөзіне қарағанда, өндірістік технологиялар саласының әлемдік көшбасшыларының бірі саналатын Honeywell бұрын өз өнімінің бәрін сырттан тасымалдайтын. Енді автоматтандырылған технологиялық процестерді басқару шкафтары Алматыда өндіріледі. Олар негізінен мұнай компаниялармен жұмыс жасайды. Ал оның қолдану аясы өте кең болғандықтан, жаңа өнімге деген сұраныс алдағы уақытта өспесе, кемімейді.

«Алматыда жартыжылдықта жеке инвестиция 20 пайызға өсті. Өңдеу өнеркәсібінің даму қарқыны да орынқты болып, 15 пайыздан жоғары болып тұр. Заманауи, ғылыми жағынан сыйымды, жоғары технологиялық, өңбек өнімділігі мен қосымша құны жоғары осындай өндірістер қала басылығның басты назарында болады. Алматыда жергілікті және шетелдік инвесторларды қолдауда қажетті барлық инфрақұрылым жасалған. Бізде индустриалдық аймақта жақында елде алғаш рет алюминий радиаторын өндіруге қатысты жоба жүзеге асырылады. Жалпы, алғашқы жартыжылдықта 130 млрд теңгенің 10 жобасы іске қосылды. Жыл соңына дейін тағы 6 жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз», – деген Ә.Әбіқадыров Honeywell-дің аймақтық кеңсесінің басқа емес, дәл Алматыда орналасуына ерекше ықыласты болып отырғанын да жасырмады.

Мұнай-газ машиналарын жасауды дамытудың халықаралық орталығының уәкілі Марат Каримовтың айтуынша, қазіргі уақытта машина жасау өндірісі Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің 2 пайызын ғана құрайды. Ал оның ішінде мұнай-газ машинасын жасау 0,1 пайыз деңгейінде. Сондықтан болашақта өз өнімдерін Қазақстанда өндіруге көңіл бөліп, бұл бағыттағы өз жобаларын бастап кеткен Honeywell кәсіпорындары енді саланы дамытуға серпін беруі мүмкін.

ҚР Премьер-Министрі Әліхан Смайылов бұған дейін «Қазақстан-Еуроодақ» диалог платформасының отырысында: «Қазақстан мен ЕО елдері арасындағы тауар айналымы 2022 жылдың 6 айында 20,1 млрд долларды құрады. Бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда

51,2%-ға көп. Бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша, жалпы, шетелдік инвестициялардың елге келуі 54%-ға артып, \$6,8 млрд құрады. Бұл орайда тау-кен өндіру өнеркәсібіне капитал тарту деңгейі 35,7%-ға өсіп, \$3,5 млрд құрады», – деді.

«Біз Еуроодақтың Қазақстанның тау-кен өнеркәсібіне қызығушылық танытып отырғанын көріп отырмыз. Осы саладағы ынтымақтастықтың әлеуеті зор. Осыған байланысты Еуроодақтың Одақ өнеркәсібіне капитал тарту деңгейі 35,7%-ға өсіп, \$3,5 млрд құрады», – деді.

Премьер-Министр Astana Finance Days 2022 конференциясының «Энергетикалық және азық-түлік орынықтылығына инвестициялар. Қазақстандық кейс» деп аталатын панельдік сессияда сөйлеген сөзінде Қазақстан мықты саяси және экономикалық базаға ие бола отырып, ЕАЭО мен Қытайды қамтитын көлемі 1 млрд-тан астам әлеуетті тұтынушысы бар ірі әлемдік нарықтарға шығатын «қақпа» екенін және Орталық Азиядағы транзиттік хаб болып саналатынын атап өткен болатын.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

БАТЫР – ОРТАҚ, БАҚ – ЖАЛҚЫ Әбдібеков туралы ақиқат

2022 жылы 5 мамырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі мен қаһармандығы үшін 8-ші гвардиялық Қызыл Тулы атқыштар дивизиясы, 302-ші гвардия атқыштар полкі, 2-ші атқыштар ротасының мергені Әбдібеков Төлеуғали Насырханұлына, 126-шы Горловка Қызыл Тулы атқыштар дивизиясының 690-шы атқыштар полкі, 1-ші атқыштар батальонының командирі Несмиянов Александр Александровичке, 100-ші бөлек атқыштар бригадасы, атқыштар батальоны 2-ші бөлімшесінің мергені-бақылаушысы Сүлейменов Ыбырайымға қайтыс болғаннан кейін еліміздегі ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – Халық қаһарманы атағымен қоса, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз және «Отан» орденін беру туралы № 889 Жарлыққа қол қойды.

Ел тарихында елеулі орын алатын тұлғалардың құжаттары, суреттері архивтерде сақтаулы. ҚР Президенті Архивінің қор құрамында 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангерлердің де құжаттары бар. Солардың қатарында биыл Халық қаһарманы атағы берілген Әбдібеков Төлеуғали Насырханұлының да құжаттары жинақталған. Архивтегі №893 қорда Әбдібеков Төлеуғали Насырханұлының фотосуретінің түпнұсқалары сақталған. Аталған қордың фотоальбомында «Атақты снайпер Әбдібеков Төлеуғали Насырханұлы майдан шебіндегі торауылда» атты



фотокүжаты кездеседі. Сонымен қатар, осы қорда майдандағы фотосуреті мен №ТВ 2916 снайперлік винтовкаға арналған жауынгерлік паспорты (Кенес Одағының батыры генерал-майор И.В. Панфиловтың атындағы Ленин орденінің Қызыл Тулы 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі, генерал-майор Кулешовтың қолы қойылған) сақталған.

Паспорт мазмұнында: «Майданның белгілі снайпері, қазақтың біртуар ұлы Әбдібеков Төлеуғали Насырханұлы өз винтовкасымен 397 гитлерлік-басқыншының көзін жойған. 1944 жылдың 22 ақпанында Төлеуғали Әбдібеков неміс-фашистерімен болған ұрыс даласында ерлікпен қаза тапты» делінген. Атақты мерген – басқыншы жаудың соғыстағы рухын сындырып қана қоймай, Ұлы Отан соғысы тарихындағы мергендіктің рекордын жаңартқан батыр. Соғыста көрсеткен жауынгерлік ерлігі үшін Төлеуғали Әбдібеков Насырханұлы көзі тірісінде Қызыл



Жұлдыз, Қызыл Ту орденімен және қайтыс болғаннан кейін І дәрежелі Отан соғысы, Ленин ордендерімен марапатталды.

Құжаттан көріп отырғанымыздай, мерген ұстаған винтовка өзінің үздік шәкірттерінің бірі, жас мерген әрі жерлесі, гвардияның қатардағы жауынгері Әшірәлі Османалиевке табысталады. Ол әскери жолдасы Т.Әбдібековтің кегін қайтарам деген уәдесін орындап, осы винтовкамен 128 гитлерлік басқыншыларды ажал құштырған. Сол кездегі соңғы соғыстардың бірінде ауыр жарақат алған Ә.Османалиевтің госпитальға емделуге шыққаны баяндалады.

ҚР Президенті Архивіндегі мемлекеттік сақтаудағы құжаттарда Әбдібеков пен Ержанов мергендік мектебін ұйымдастырып, ізбасарларын дайындаумен айналысқанын дәлелдейтін құжаттар да бар. Мәселен, соның бірі «За Родину» қызыл әскер газетінің 1942 жылғы 26 күркүйектегі 149-шы нөмірі «Аш Фриц және мергендердің «түскі асы» туралы» тақырыбымен жа-

рық көреді. Бұл нөмірде «Сегіз мерген бір күнде 21 немістің көзін жойды. Жас мергендер Әбдібеков пен Ержанов сияқты шеберлерден үйренеді» деген ұрандар жазылып, «Абдыбековские ученики» деген тақырыппен шыққан.

Айта кетейік, Қызыл Армия қатарына 1 млн 200 мыңдай қазақстандық шақырылып, олардың әрбір екіншісі қаза болған. Қазақ жерінен барған жауынгерлер барлық шайқасқа қатысты. Қазақстанның жүз мыңнан астам жауынгері КСРО-ның жауынгерлік орден-медальдарымен марапатталды, 500-ден астам адам Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды.

Еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі жолында азаматтық және жауынгерлік ерлігі үшін Халық қаһарманы атағына небәрі 30-дан астам адам лайық деп танылған, оның ішінде Ұлы Отан соғысына қатысқан 11 майдангер бар. Бүгінде қайтыс болғаннан кейін осы ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі 1998 жылы 6 мамырда Бактыораз Бейсекбаевқа (Гостеллоның ерлігін қайталаған), 1999 жылы 7 мамырда Рақымжан Қошқарбаевқа берілді. Аталған Жарлықтар ҚР Президенті Архивінде сақтаулы.

Дүниені дүрбелеңге толтырған Ұлы Отан соғысында Отан үшін отқа түскен, ерлік пен қайсарлықтың хас үлгісін көрсеткен Әбдібеков Төлеуғали Насырханұлына, Несмиянов Александр Александровичке, Сүлейменов Ыбырайымға ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгісінің берілуі бабаларымызға деген құрметтің белгісі деп білемін.

Нұрлан ТОҚСАБАЕВ,
ҚР Президенті Архивінің
қызметкері

КІРІС



БЮДЖЕТТІҢ «ҚАРНЫ ТОҚ»

Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметіне қарағанда, 6 айда мемлекеттік бюджетке түскен салық бойынша жоспар 106,4% орындалды. Бұл белгіленген межеден 432,2 млрд теңгеге көп. Өсім былтырғы сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,5 есе болды. Ал жергілікті бюджет 120,2% орындалып, 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өсім 31,2% құрады.

Республикалық бюджет түсімдерінің ең көп сомасы 2021-дің бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда корпоративті табыс салығында 676,4 млрд теңгеге (1,9 есе), мұнайға салынатын экспорттық кеден баждары бойынша 408,4 млрд теңгеге (1,9 есе), ішкі өндіріс тауарларын қосылған құн салығы 325,7 млрд теңгеге (1,7 есе), үшінші елдерден импортқа қосымша құн салығы (ҚҚС) 150,5 млрд теңгеге (40,8%), ЕАЭО елдерінен импортқа ҚҚС 79,4 млрд теңгеге (19,5%) және пайдалы қазбалар өндірісіне салық 70,9 млрд теңгеге (35,1%) өскені байқалды.

Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметіне қарағанда, түсімдердің өсуіне әсер еткен факторлардың бірі шикізат бағасының өсуімен тікелей байланысты. Мәселен, биылғы жартыжылдықта өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда бағаның мұнайда 65,9%, алюминийде 36,9%, мырышта 35,4%, қорғасында 9,4%, мыста 7,3%, алтында 3,6% өсуі байқалды. Шикі мұнайға салынатын кедендік әкету бажының мөлшерлемесі де 52,9%-ға өсті (1 тонна үшін орташа мөлшерлемесі 2021 жылғы 6 айда – 56,7 \$, 2022 жылғы 6 айында 1 тонна үшін – 86,7 \$). Сол сияқты жартыжылдықта үшінші елдермен тауар айналымы 51,6%-ға өсті. Оның ішінде экспорт 65,4%-ға, импорт 20,8%-ға артты. Ал өткізу бойынша айналым 18,4%-ға ұлғайды.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

АЙМАҚ

Халық арасындағы азық-түлік өнімдерінің жиі қымбаттауына немесе тапшылығына қатысты көңіл толмаушылық бары жасырын емес. Қоғамдық орындарда, такси қызметтерінде, бұқара басы қосылатын жиындарда әңгімеге арқау болатын баға мәселесі. «Әкімдік қайда қарап отыр?» деп басталатын диалогтар легі өнімдердің қымбат сатылуынан, жетіспеушілігінен, сондай-ақ сапасыздығынан құралып жүр. Айтуларына әкімдік бұл мәселеге бей-жай қарайды-мыс. Осы секілді ұзын-сонар алып-қашпа әңгімелерге жауап беру үшін Қызылорда облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының, «Байқоңыр» ӘКК» АҚ басқармасының, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағаларын қалыптастыру үшін істеп жатқан жұмыстарына тоқталған жөн болар.

Қымбатшылыққа жол берілмейді

Тіршілікте адам жанына қажетті әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасы мен қолжетімділігі әрдайым мемлекет назарында. Жергілікті әкімдіктер атаулы басқармалар арқылы халыққа жайлы сауда айналымын жасау үшін түрлі амал тауып, бақылауда ұстауға тырысады. Айтқан сөзіміздің шындық таразысындағы салмағын арттыру үшін сандарды сөйлеткеніміз абзал болмақ. Облыста баға тұрақтандыру мақсатында өңірлік тұрақтандыру қоры жұмыс істейді. Онім қорларын қалыптастыру үшін облыстық бюджеттен соңғы үш жылдың өзінде 3,9 млрд теңге бөлінді. Бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу үшін тұрақтандыру қорына тауарлық интервенциялар жүргізу, сондай-ақ «айналым» схема бойынша бағаны тұрақтандыру механизмі аясында заем беру арқылы шаралар қабылдануда. Қазіргі таңда, 796,2 тонна өнім тұрақтандыру қорында болса,

ТҰРАҚТЫ БАҒА – ҚАЛЫПТЫ ӨМІР КЕПІЛІ



7109,2 тонна өнім контрактпен. Айналым схемасы аясында 20 келісім шарт негізінде 1143 млн теңге қаржы кәсіпкерлерге заем ретінде берілген. Келісім бойынша қарыз алған кәсіпкерлік субъектілермен 9584,5 тонна өнімді қамтамасыз ету жоспарлануда. Бұл жайлы брифингте облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев жан-жақты мәлімет беріп: «Тұрақтандыру қорының өнімдері және «айналым схемасы» шеңберінде қарыз алған кәсіпкерлік субъектілерінің өнімдері 38 әлеуметтік дүкен арқылы және облыс орталығының 17 ірі сауда үйінің әлеуметтік бұрыштары арқылы сатылды. Қазіргі таңда, облыс тұрғындарын көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында бірнеше келісімшарттар жасалды», – деді.

Өңірлік тұрақтандыру қорына форвардтық негізде келісімшарттар аясында барлығы 1050 тонна картоп, 450 тонна жуа, 150 тонна сәбіз, 150 тонна қырыққабат сатып алу жұмысы жүргізілуде. Мамандардың айтуынша, бұл көрсеткіш сырбойы тұрғындарының тұтынуын қамтамасыз етуге жеткілікті.

Қат болған қанттың да бағасын тұрақтандыру және жетіспеушілігін болдырмау мақсатында жұмыстар

жасалуда. Ол үшін өңірге тікелей Көксу қант зауытынан және Азық-түлік келісімшарт корпорациясы арқылы қант жеткізу бойынша жұмыс жолға қойылған. Шілде айының соңғы он күндігі бойынша статистикалық деректерді алып қарайтын болсақ, Қызылорда облысында орташа қант құны 494 теңгені құрайды. Ал Қазақстанның кей облысқа жеткізілді. Алдағы уақытта да қант тапшылығын болдырмау мақсатында Көксу қант зауытымен бір ай ішінде қосымша 680 тонна қант өнімін Қызылорда облысына жеткізу бойынша келісімдер жүргізілуде. Жыл соңына дейін атаулы зауытпен бірігіп 3 155 тонна қант сатып алу жоспарлануда.

Қызылордалық тұтынушылар үшін нан бағасын арзандату мақсатында жұмыстар жүргізілуде. «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ арқылы 7 айға (ақпан-тамыз) 14 317 тонна астық бөлінді. 10595 тоннасы ұн түрінде. Облысқа ұн өндіруші кәсіпорнымен 3674,6 тонна ұн босатылып, оның ішінде 3532,7 тоннасы ірі наубайханаларға бөлке нанды төмендетілген бағада сату үшін мақсатты түрде берілді.

Баға қолжетімділігін қамтамасыз етудің тағы бір жолы – жәрменкелер. Осы кезге дейін төмен бағада бакалея, көкөніс тауарларымен қамтамасыз ету мақсатында тұрақтандыру қоры мен заем алған әріптестерімен жыл басынан апта сайын халық шоғырланған жерлерде жәрменкелер ұйымдастырылып келеді. Жәрменкелер арқылы осы кезге дейін төмендетілген бағамен 600-ге жуық тонна өнім сатылды.

Саудагерлерге де сұрау бар

Бағаны қолдан көтеріп, негізсіз қымбаттауға жол берген кәсіпкерлер сұраусыз қалмайды. Баға мәселесі облыс әкімінің тікелей назарында. Егер де қымбатшылыққа жол берілген жағдайда сауда туралы заңнамаға сәйкес, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 204-4-бабын басшылыққа ала отырып сауда үстемесінің мөлшерін арттыру фактісіне келесідей әкімшілік шаралар қаралған. Бірінші рет ескерту жұмысы жүргізіледі. Ал бір жылдың ішінде заңбұзушылық қайталанған жағдайда шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 10 АЕК (30 630 теңге), орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 75 АЕК (229 725 теңге), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 300 АЕК (918 900 теңге айыппұл) салынады.

Сондай-ақ, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың бірі ретінде «Сауда қызметін реттеу туралы» заңмен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бөлшек сауда бағаларына мемлекеттік бақылау қарастырылған. Жыл басынан шілде айына дейін 17 сауда нысанында азық-түлік бағаларына қатысты жоспардан тыс тексерулер жүргізілді. Оның бүгінгі күні 10 нысанына тексеру жұмысы аяқталып, 8 нысанда сауда үстемесін сақтау бөлігінде заң бұзушылық анықталып, әкімшілік шарасы қолданылса, қалған 7 сауда нысаны бойынша тексеру жұмыстары жалғасуда.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ,
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ



Азамат БАЙТАСОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы халықты жұмыспен қамту орталығының директоры:

«ЕҢБЕК ЕТЕМ ДЕГЕНГЕ МҮМКІНДІК МОЛ»

– 2022 жылдың ағымдағы кезеңінде мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін 7 арнайы жұмыс орны ашылды. Бұл мүгедектердің жеке қажеттіліктеріне бейімделген жұмыс орындары. Арнайы жұмыс орындарын құру кезінде жабдықты сатып алуға, құрастыруға және орнатуға кеткен шығындарды өтеу мақсатында жұмыс берушілерге мемлекеттік бюджеттен субсидиялар беріледі. Мәселен, есту қабілеті бұзылған мүгедектерге бір жұмыс орнына 1 004 250 теңге, тірек-қимыл аппараты бұзылғандарға 765 000 теңге бөлінді.

– **Атаулы әлеуметтік көмек көрсетілген саны қанша?**

– 2022 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша (1 және 2 тоқсан) 8196 отбасынан өтініш түсті. Қабылданғандардың ішінде атаулы әлеуметтік көмек 3244 отбасына тағайындалды, оның ішінде: 1) шартты ақшалай көмек (ШАК) – 1 986 отбасы; 2) шартсыз ақшалай көмек (ШАК) – 1306 отбасы алды АӘК қабылданбаған отбасы саны – 1146, оның ішінде: ШАК – 898 отбасы, БДП – 248 отбасы. АӘК алушылардың 1,5 мыңға жуығы көп балалы (1 453) отбасылар.

Қазір 2022 жылдың 3 тоқсанына атаулы әлеуметтік көмек алуға құжаттар қабылданып жатыр. Ол үшін тұрғындар Бейбітшілік көшесі, 14 мекенжайы бойынша орналасқан «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығына немесе egov.kz электронды үкімет порталы арқылы (ЭЦҚ қажет) хабарласу қажет. Анықтама үшін телефон: 27 23 23. Сондай-ақ аудандық әлеуметтік көмек бөлімдерінен келесі нөмірлер бойынша кеңес алуға болады:

«Байқоңыр» ауданы: 24 96 59, «Есіл» ауданы: 24 89 46, «Алматы» ауданы: 24 89 44, «Сарыарқа ауданы»: 24 86 89

– **Бил жыл соңына дейін жұмыспен қамту шараларымен қамту жоспарының отырған адамдардың нақты саны қанша?**

– 2022 жылдың екінші жартыжыл-

дығында 22 мыңға жуық адамды жұмыспен қамту жоспарлануда. Сондай-ақ жұмыспен қамтудың белсенді шараларын қоса алғанда, 620 мүгедектігі бар тұлғаларды еңбекке арластыру күн тәртібіне қойылып отыр. 700-ге жуық адам әртүрлі білім беру нысандарымен қамтылады. Бұдан бөлек, биыл жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыруға берілетін мемлекеттік гранттың көлемі 200-ден 400 АЕК-ке дейін екі есеге артып, 1 225 200 теңгені құрайды. Биыл 350 грант беру жоспарлануда. Бұл жерде 2022 жылы гранттық қолдаудың әлеуметтік құрамдас бөлігі күшейтілетінін айта кеткен жөн. Атап айтқанда, грант халықтың әлеуметтік осал топтарына ғана беріледі, яғни 29 жасқа дейінгі жастар, аз қамтылған отбасылар, қандастар, мүмкіндігі шектеулі жандар.

– **«Ұрпақтар келісімшарты» мен «Күміс жас» жобасына аз-кем тоқтала кетесіңіз?**

– Ұрпақтар келісімшарты – бұл жинақталған тәжірибе мен дағдыларды зейнеткерлік жастағы жұмыскерлерден жаңа қызметкерлерге беру үшін арнайы құрылған жұмыс орны. Яғни, тәжірибесі, кәсіпке байланысты көрген-білгені көп мамандардың жастарды тәрбиелеуіне жол ашу қолға алынбақ. «Күміс жас» жобасы – зейнеткерлік жастағы (зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) адамдарды тұрақты жұмысқа орналастырудың жаңа бағыты.

– **Жас түлектерге айтар кеңесіңіз?**

– Жастарға, атап айтқанда, елордадағы жоғары оқу орындары мен колледждер түлектеріне айтарым «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» жобалары аясында Сізге тәжірибе жинақтауға, ресми еңбек өтіліңізді алуға және бәсекеге қабілеттілігіңізді дәлелдеуге тамаша мүмкіндік бар! Тәжірибе көрсеткендей, лайықты жігіттер мен қыздардың көпшілігі осы жобаларға қатысқаннан кейін тұрақты жұмысқа орналасты! Жобаны іске асыру

туралы барлық ақпарат және өтінім нысаны czn.kz сайтында орналасқан.

– **Жұмысқа орналасуда басты назар жастарға аударылған. Ал зейнет алдындағы, зейнеттегі жандар көлеңкеде қалып қойған жоқ па?**

– Рас. Оларға «Күміс жас» жобасының қолға алынғанын айтамыз. Осы арада бұл жобаға қысқаша тоқталып өткім келеді. «Күміс жас» жобасы – зейнеткерлік жастағы (зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) адамдарды тұрақты жұмысқа орналастырудың жаңа бағыты. Бұл жобаға қатысуға кез келген адам өтініш бере алады.

Бәсекеге қабілеттілік және кәсіпкерлік саласында қажетті дағдыларды алу туралы айтатын болсақ, skills.enbek.kz платформасында онлайн оқытуға тамаша мүмкіндік бар. Бұл платформа «Bastau Business» жобасы аясында әзірленген, оның мақсаты – халықты кәсіпкерлік негіздеріне тегін оқыту. Онлайн оқыту курсының ұзақтығы 14 күннен аспайды және жеке негізде, оқу материалдарын өз бетінше оқу арқылы жүзеге асырылады. Әрбір онлайн оқыту модулінің соңында қатысушының алған білімі мен дағдыны игеруін анықтау үшін аралық тест жүргізіледі. Сертификат алу үшін қорытынды тестте 70%-дан астам ұпай жинау керек. Бірегей нөмірі бар Сертификат жеке кабинетінде көрсетіледі. Жұмыс іздеушілер үшін де, жұмыс берушілер үшін де жұмыспен қамтудың осы белсенді шараларының барлығы EST enbek.kz порталында қолжетімді. Бұл порталда жұмыс іздеушілер өз бетінше Жұмыс іздеуші және жұмыссыз ретінде тіркеліп, ЖҚБШ-на жолдама алып, бос жұмыс орындарын көре алады. Сондай-ақ, жұмыс берушілер ЖҚО-на хабарласпай-ақ, осы порталда бос жұмыс орындарын орналастыра алады.

– **Сұхбатыңызға рақмет.**

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Халықаралық стандарттарға сәйкес, осындай Кеңес мүшелерінің көпшілігін судьялардың өздері сайлаған судьялар құрауы тиіс. Сонымен қатар, азаматтық қоғамның, заңгерлер қауымдастығының өкілдері де кіреді. Бұл қабылданған шешімдердің объективтілігін және ашықтығын арттыруға ықпал етеді. Қазіргі уақытта Қазақстанның Жоғары Сот Кеңесінің (ЖСК) құрамы халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Кеңес судьялардың өздері сайлаған жұмыс істеп жүрген судьялардан (бұл ретте соттардың барлық деңгейлері пропорционалды түрде ұсынылған және судьялардың өңірлік өкілдігі ескерілген), адвокатура, заң және ғылыми қоғамдастық өкілдерінен тұрады. Яғни, Жоғары Сот Кеңесі жабық корпорация емес, онда судьялар тек «өз адамдарын» таңдайды.

Жоғары Сот Кеңесі мен Жоғарғы Сот арасындағы өкілеттіктерді бөлу судьялардың тәуелсіздігін арттырады. Барлық кадрлық мәселелердің ЖСК құзыретіне өтуі судьялардың Жоғарғы Сот пен сот төрағаларына тәуелділігін азайтты. Енді судьялар сот төрелігін жоғары тұрған органдарға қарамай-ақ жүзеге асыра алады.

– Кеңестің негізгі бір мақсаты судьялар корпусына жоғары білікті мамандарды тарту екенін түсіндік. Енді бұл қалай жүзеге асады? Мамандарға қойылатын талаптар қандай? Бізде қандай адамдар судьялықтан үміттен алады?

– Қазақстанда судья болып 30 жасқа толған, жоғары заң білімі бар, 5 жылдық заңды өтілі, судьялық қызметке келергі келтіретін сырқаты жоқ, біліктік емтиханын тапсырған, тағылымдамадан өткен адам судьялық лауазымға тағайындалуы мүмкін. Жоғары Сот Кеңесінің негізгі міндетінің бірі – сот төрелігін іске асыруға жаңа кәсіби кадрларды тарту. Бұл заңгерлер үшін судьялық мансаптың тартымдылығын арттыруды талап етеді. Бүгінде аталған жұмысты жандандыру мақсатында маңызды қадамдар жасалып жатыр. Яғни, тәжірибелі заңгерлерге судьялық лауазымға орналасуға көбірек мүмкіндік бар. Мәселен, Президенттің ұсынысы бойынша жоғары білікті заңгерлерді Жоғарғы Сот судьялары лауазымына конкурстан тыс тағайындау мүмкіндігі көзделген. Құқықтың арнайы салаларындағы мамандар үшін облыстық сот судьяларының лауазымына орналасуға онтайландырылған конкурс көзделген.

Ағымдағы жылдың 31 мамырында Нұр-Сұлтан қалалық соты судьяларының 2 бос лауазымына (салық, қаржы құқығы, зияткерлік меншік құқығы және жер қойнауын пайдалану саласындағы мамандар үшін) және Алматы қалалық соты судьясының 1 бос лауазымына (жер құқығы саласындағы мамандар үшін) конкурс жарияланды. Судья жұмысының тартымдылығын арттыру мақсатында судьялардың жалақысы айтарлықтай өсті. Сот төрағаларының судьяларға қысым көрсету тетіктері қысқарды. Мысалы, облыстық соттарда жалпы отырыстардың президиумдары заңмен таратылды. Олардың құрамын төрағалардың өздері анықтап, барлық кадрлық мәселелер бойынша ұсыныстар беретін. Енді ол мәселелерді төраға емес, жасырын дауыс беру арқылы аймақтың барлық судьяларынан тұратын кеңейтілген жалпы отырыстар шешеді. Сот төрағалары ең көбі 2 мерзімге, 10 жылдан аспайтын уақытқа тағайындауға болады. Бұрын олар тек аймақтарды өзгертіп, 20-25 жыл төраға қызметін атқарған.

Сот істерін бөлу процесі автоматтандырылған. Бұған дейін төрағалар бұл процесске әсер ете алды және істер «дұрыс судьяға» түсті. Жыл сайын істерді қарау бойынша судьялардың жүктемесі азаяды. Бұл шаралардың барлығы сот жүйесіне жаңа кадрларды тартуға бағытталған.

Қазіргі уақытта судьялық лауазымдардың 99-ы ашық конкурс негізінде атқарылады, ал 1 пайызға жуығы – Жоғарғы Сот төрағасы, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары және облыстық соттардың төрағалары.

– Судьялыққа кандидаттар біліктілік емтиханын тапсырады. Бұл үрдіс қандай өлшемдерге негізделген? Олар біліктілік деңгейін анықтауға толық мүмкіндік бере ала ма? Таныстық, сыбайластық өз дегенін жасап жүрмей ме? Оны әлі де жетілдіру қажет емес пе?

– Бүгінгі таңда біліктілік емтиханы 5 негізгі және бір қосымша кезеңнен тұрады. Негізгі кезеңдер заңнаманы білуге арналған компьютерлік тестілеу, эссе жазу, кандидаттардың кейістік тапсырмаларды шешуі, психологиялық тестілеу, әңгімелесу. Ал, қосымша кезеңге полиграфологиялық зерттеуден өту жатады. Қазіргі түрінде емтихан үміткерді жан-жақты және терең зерттеуге бағытталған. Біз оның теориялық білімін, практикалық дағдыларын, талдау қабілетін, моральдық қасиеттерін зерттейміз. Бұл ретте, егер бұрын моральдық-адамгершілік қасиеттерді зерделеу

тек ұсынмдық сипатта болса, бүгінде мұндай психологиялық тестілеу барлық үміткерлер үшін міндетті. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін біліктілік емтиханының барлық кезеңдері бірнеше жерде өтеді, ал кандидат бойынша түпкілікті шешімді негізінен сот жүйесімен байланысы жоқ заңгерлерден тұратын комиссия қабылдайды.

Мәселен, комиссияның 15 мүшесінің тек 3-еуі ғана сот жүйесінің өкілі болса, ал адвокат осы комиссияның төрағасы болып тағайындалды. Объективтілікті



Нүрия СИСЕНОВА, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі:

«БІЛІКТІЛІК ЕМТИХАНЫ – СОТ КОРПУСЫНА ЛАЙЫҚТЫЛАРДЫ ІРІКТЕЙТІН САПАЛЫ СҮЗГІ»

арттыру үшін заңнаманы білуге арналған тестілеу компьютерлерде тапсырылады және нәтижелері адамның араласуысыз автоматты түрде есептеледі. Сондай-ақ, эссе жазу және кейстерді шешу кезінде үміткерлердің жұмысында тегі көрсетілмей, жүйе тарапынан автоматты түрде шифрланады. Сондықтан тексерушілер кімнің жұмысын бағалайтынын білмейді. Тестілеу, эссе жазу және кейстік тапсырмалар шешу кезеңдеріндегі бейненің ашықтығын қамтамасыз ету үшін ЖСК сайтында орналастырылады. Осылайша, бүгінгі таңда біліктілік емтиханы судья корпусына дайын емес үміткерлерді жібермейтін сапалы сүзгі болып отыр деп сеніммен айта аламыз.

Соның мысалы, 2021 жылы 256 үміткердің 28-і ғана (11%) барлық кезеңдерді ойдағыдай өңсерді, ал 2016 жылы бұл көрсеткіш шамамен 25 пайызды қамтыды. Бұл ретте Кеңес біліктілік емтиханының тегіні жетілдіруді, оның ішінде оны өткізу мерзімдерін қысқарту және кандидаттар үшін қолайлылықты қамтамасыз ету бағытындағы жұмысты жалғастыруда. Мысалы, ағымдағы жылы біз емтихандарды қайта тапсыру мерзімін 6 айдан 3 айға дейін қысқарттық, сондай-ақ үміткерлерге басшылық тарапынан қандай да бір қысымды болдырмау үшін жұмыс орнының мінездеме беруін жойдық.

Кандидаттар біліктілік емтиханынан өткеннен кейін соттарда ақылы тағылымдамадан өтеді. Олар бұл кезеңде аудандық сот судьясы жалақысының 70 пайызын, яғни, шамамен 257 мың теңге ала алады. Тағылымдама кандидаттың тәжірибесіне байланысты 3 айдан 1 жылға дейін созылады.

– Жалпы, конкурстық іріктеуді жүргізу кезінде қандай талаптар басшылыққа алынады?

– Байқау бірнеше кезеңнен тұрады. Атап айтар болсақ, біріншісі – кандидаттарды сандық критерийлер бойынша автоматтандырылған компьютерлік бағдарламамен бағалау. Бұл кезеңде компьютерлік жүйе кандидаттарды заңгерлік және судья өтілінің ұзақтығы, біліктілік емтиханының нәтижесі, ғылыми дәрежесінің болуы сияқты көрсеткіштер негізінде автоматты түрде орналастырады. Екіншісі – конкурстық комиссияның кешенді бағалауы. Бұл кезеңде конкурстық комиссия мүшелері кандидаттарды автоматтандырылмаған критерийлер бойынша бағалайды. Мысалы, үміткерлердің өкілшілік құқық бұзушылықтар жасағаны туралы мәліметтер зерделеніп,

жұмыс істеп жүрген судьяларды бағалау кезінде олардың сот төрелігін іске асыру сапасы, судья әдебі сақталуы және басқа да осындай мәліметтер назарға алынады. Одан әрі қосымша бағалау құралдары (қоғамдық пікірді зерттеу), сұхбат беру, кандидатураларды одан әрі ЖСК қарауына шығару үшін конкурстық комиссияның, кеңес мүшелерінің үміткерлерді қарауы және судья лауазымына тағайындауға ұсынылатын кандидатты дауыс беру арқылы айқындауы жүзеге асады.

Кандидаттарды іріктеуді ЖСК жа-

Сот саласынан басқа қызметте істейтін заңгерлердің судьялық лауазымға ынтасы қалай?

– Әдетте, конкурста қатысушылардың басым бөлігі Нұр-Сұлтан (1 бос орынға 100 үміткерге дейін), Алматы (1 бос орынға 90 үміткерге дейін) қалаларының аудандық соттары судьяларының бос орындарына үміткер болады. Бұл, ең алдымен, осы қалалардың жоғары мәртебесімен, олардағы өмір сүру сапасының жақсаруымен, сондай-ақ судьялар жалақысының неғұрлым жоғары деңгейімен байланысты деп ойлаймыз. Үміткерлердің ең аз саны алыс және аз құрамды соттарға тән. Мысалы, 2021 жылы Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық сотының судьясы лауазымына небәрі 5 адам, Қарағанды облысы Приозерск қалалық сотының судьясы қызметіне 4 адам үміткер болған. Сонымен қатар, 41 аудандық сот төрағасының бос лауазымына үміткерлер мүлдем болмаған.

2021 жылы судья лауазымына алғаш рет ұсынылған кандидаттар сот жүйесінің қызметкерлері (61 адам), мемлекеттік аппарат пен жеке сектордың заңгерлері (17), прокуратура қызметкерлері (9), өзге де құқық қорғау органдарының қызметкерлері (5), адвокатура мен нотариаттың өкілдері (3) және ғылыми-педагогикалық саланың өкілдері (1), өзін-өзі жұмыспен қамтығандар (2).

2022 жылы 3 байқаудың қорытындысы шығарылды, оның қорытындысы бойынша 157 адам ұсынылды, оның ішінде 38 кандидат бірінші рет судья болып тағайындалды. Судья лауазымына алғаш рет ұсынылған кандидаттар сот жүйесінің қызметкерлері (23 адам), мемлекеттік аппараттың және жеке сектордың заңгерлері (4), прокуратура

немесе жоғары тұрған сот сатысының судьяның заңдылықты өрескел бұзуы туралы шешімі болуы керек.

Сот жюриі 9 мүшеден тұрады, олардың 6-ы әртүрлі деңгейде жұмыс істеп жүрген судьялар (Жоғарғы Соттан, облыстық және аудандық соттардан 2-ден). Сондай-ақ, Сот жюриінің құрамына судьялар арасынан ЖКС-нің бір мүшесі және кеңесші дауыс құқығы бар заң қауымдастығының екі өкілі кіреді.

– Судьялар қандай жағдайда тәртіптік жауапкершілікке тартылады?

– Бұл шараға қазіргі уақытта судья сот төрелігін жүзеге асыру кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін және сот әдебіне қайшы келетін теріс қылық жасағаны үшін, ал соттар мен сот алқаларының төрағалары лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін ғана тартылуы мүмкін. Судьяның еңбек тәртібін бұзуы тәртіптік жауапкершіліктің негізгі ретінде заңнан алынып тасталды.

Заңды өрескел бұзу ұғымы Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысында – судья өз міндетіне адал еместігі, немқұрайлылығы немесе заңды білмеуі салдарынан жасаған айқын және елеулі заң бұзушылық ретінде айқындалады.

Судьяның заңды бұзу деңгейін істі апелляциялық немесе кассациялық тәртіппен қайта қарау кезінде жоғары тұрған сот қана бағалайды. Өрескел бұзушылық туралы оның қаулысында тікелей көрсетілуі тиіс. Судьяның қателігі, сондай-ақ сот актісінің күшін жою немесе оны өзгерту судьяның жауаптылығына әкеп соқпайды.

Судья әдебіне қайшы келетін теріс қылық жасау фактісі Судья әдебі жөніндегі комиссияның шешімінде, ал сот төрағаларының және сот алқасы төрағаларының лауазымдық міндеттерін

қызметкерлері (3), өзге де құқық қорғау органдарының қызметкерлері (5), адвокатура және нотариат өкілдері (3).

– Судья лауазымына кадр резервін қалыптастыру туралы айтып беріңізші?

– Кадр резервін қалыптастыруда конкурстық іріктеу кезінде қолданылатын барлық элементтер пайдаланылады.

тиісінше орындамауына байланысты тәртіптік теріс қылық фактісі Жоғарғы Сот төрағасының ұсынымында немесе жалпы отырыстың шешімінде анықталуы тиіс. Заңдылықты өрескел бұзу және лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамау фактісі бойынша материалдарды Сот жюриіне беру туралы шешімдерді қабылдау Жоғарғы Соттың және облыстық соттардың жалпы отырыстарының құзыретіне, ал судья әдебі нормаларын бұзғаны үшін судья әдебі жөніндегі комиссиялардың құзыретіне жатқызылған.

Заңда сондай-ақ Жоғарғы Сот төрағасының кез келген судьяға қатысты тәртіптік жауапкершілік мәселесі бойынша Сот жюриіне ұсыныс енгізу құқығы көзделген. 2019 жылғы мамырдан бастап 2022 жылғы маусымға дейінгі жұмыс кезеңінде Сот жюриі 327 тәртіптік істі және тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алу бойынша 9 материалды қарады. Тәртіптік жауапкершілікке 198 судья тартылды, оның ішінде аудандық соттың 151 судьясы және аудандық соттың 31 төрағасы, облыстық соттың 14 судьясы және 2 облыстық сот алқасының төрағасы бар. Барлығы 226 тәртіптік жазалар қолданылды, оның ішінде 119 ескерту, 74 сөгіс, 3 аудандық сот төрағасын қызметінен босату және 30 судьяны лауазымынан босату шаралары жүзеге асырылды.

– Мен Нұр-Сұлтан қалалық соты Қоғамдық кеңесінің мүшесі ретінде судьялыққа кандидаттар ұсынуға қатысамын. Бізден сыннан өткен судьялардың көпшілігі мемлекеттік тілге шорқақ, ал кейбіреулері мүлдем білмейді. Олар судьялық лауазымды иеленген сот істерді мемлекеттік тілде қалай қарайды? Қазақтілді азаматтармен қалай қарым-қатынас жасайды? Бұл азаматтар құқығының бұзылуына әкелмей ме? Біздің ойымызша, сот жүйесінде мемлекеттік тілге қатысты нақты талаптар қажет. Келіссіз бе?

– Көп нәрсе соттардың орналасқан жеріне байланысты, кейбір облыстарда сот процестерін мемлекеттік тілде жүргізу басым, басқа облыстарда көрініс өзгеше болуы мүмкін. Судья лауазымына кандидатты ұсыну кезінде біз оның мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін және қандай да бір тілде келіп түсетін істердің санын қарастырамыз. Жалпы, мұндай мәселе бар. Бұл Сот төрелігі академиясында болашақ судьяларды дайындау барысында ескерілуі керек деп ойлаймын.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Айша ҚУРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ЖОҒАРЫ СОТ КЕҢЕСІ СОТ САТЫСЫ БОЛЫП ТАБЫЛМАЙДЫ ЖӘНЕ СОТ АКТІЛЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРМАЙДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР, СОТ ЖЮРИИНИҢ МҮШЕЛЕРІ ӨЗ БЕТІНШЕ ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗБЕЙДІ. СОТ ЖЮРИИНИҢ СУДЬЯҒА ҚАТЫСТЫ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚАРАУЫ ҮШІН ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ НЕМЕСЕ ЖОҒАРЫ ТҰРҒАН СОТ САТЫСЫНЫҢ СУДЬЯНЫҢ ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ӨРЕСКЕЛ БҰЗУЫ ТУРАЛЫ ШЕШІМІ БОЛУЫ КЕРЕК.

дай іріктеу жүйесімен кандидаттарға формальды-бюрократиялық көзқарас білдіру алынып тасталып, келісім мен субъективизм жойылады. Құжаттарды тапсыру кезінде сауалнама, еңбек кітапшасы, медициналық анықтама және басқа да стандартты құжаттармен қатар облыстық соттар жанындағы Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестердің қорытындысы қоса беріледі. Мұндай кеңестер тең дәрежеде заң қоғамдастығының өкілдерінен, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінен және отставкадағы судьялардан тұрады. Бұл үміткерлерді қараудың объективтілігін қамтамасыз етеді.

Кандидаттарды қосымша зерделеу мақсатында кеңестің сайтында судьялық лауазымдарға арналған конкурстарға қатысатын тұлғалардың тізімі жарияланады және жұртшылық әрбір кандидат бойынша өз пікірін білдіре алады. 2021-2022 жылдары үміткерлерге қатысты 1600-ден астам пікір алынды. Екіншіден, судьялыққа кандидаттарға қатысты жұртшылықтың пікірі әлеуметтік желілер мен БАҚ мониторингі арқылы зерделенеді. Сонымен қатар, кеңес шешім қабылдау барысында азаматтардың конкурстарға қатысатын жұмыс істеп жүрген судьяларға қатысты келіп түскен шағымдарын қарап, назарға алады. Яғни, әрбір кандидат бойынша шешім осындай жан-жақты, объективті және терең бағалау негізінде қабылданады. Мысалы, 2022 жылы лайықты үміткерлердің болмауына байланысты 64 бос орынға конкурс өткізілмеді деп табылды.

– Жалпы, конкурста қатысушылар қай өңірлерден көп болып жатыр?

ТАҒЫЛЫМ

БИЛЕР КЕҢЕСІ – БІТІМГЕ КЕЛТІРУ МЕКТЕБІ



Қаржау БОШАҒҰЛОВ,
Ақтау қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы

Ертеде қазақтың дархан даласында бір ауыз сөзімен даудың түйінін таркатқан от ауызды, орақ тілді би-шешендердің сот билігін жүзеге асырғаны белгілі. Осы орайда, «би» сөзі түркінің «бек»

сөзінен бастау алған, яғни «басқару», «билеу», «билік ету» деген ұғымдармен астасып жатыр.

Ал, қазақ құқығының түп-тамыры «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысынан» бастау алады. Әділдіктің туын жықпай, дауларды ел сыртына шығармай шешкен би-шешендер туралы Ахмет Байтұрсынұв: «әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын таптырмас дәрі еді», – дейді.

Шын мәнінде, билердің дау-жанжалдарды шешуден бөлек, тұтас ұлттың ауызбіршілігін сақтап, әдет-ғұрпын жаңғыртып, қазақ даласында құқықтық қатынастарды дамытуда үлесі зор болған. Қоғамдағы мал, жесір, ар, бала, жер дауларын билер хатсыз, қарарсыз, қаламсыз ауызша шешкен. Тіпті, бір бидің өзі әрі сот, әрі прокурор, полиция, тергеуші қызметтерін қатар әрі шебер атқара білген. Осылайша билер бүкіл елін араздықтан сақтап, үш жүздің басын қосып, татулықты ту еткен.

Осы орайда дана халқымыз «Би айтқан сөзді, құл да айтар, бірақ құлдың сөзінің дуасы жоқ», «Би бол, би болмасаң би түсетін үй бол» деп бекер айтпаса керек. Бұл сөз тіркестерінен-ақ билердің ел арасында ерекше міндет атқарып, құрметке бөленгенін аңғару қиын емес. Қазақ халқы кім көрінгенге би атағын ұстатпаған, яғни, би мұрагерлік заңымен берілетін лауазым емес. Би-шешен ұғымы шешендік өнерді еркін меңгерген, «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», – деген қағидадан айнымағандарға ғана бұйырған.

Алдымен билер сот төрелігін жүзеге асыратындықтан, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жөн-жоралғыны жатқа соғып, адасқанға тура жөн көрсеткен. Сондай-ақ, би ру-тайпаның басшысы ретінде өз қауымының тұрмыс-тіршілігін қадағалап, тәртіп-талабына жауапты болып, мемлекеттік мәселелерді де талқылауға атсалысқан. Елінің басы дау мен сынға түскен кезі заманда билер батырлармен

бірге қару ұстап, атқа қонып, қолбасшылық қызмет атқарған. Ал, қатталған көп деректерден билердің елші болғанын жиі көзіміз шалады. Тарихқа үңілсек, көрші мемлекеттермен байланыс орнатуда ханға көмекші әрі кеңесші қызметтерін атқарған билер «жауластырмақ – жаушыдан, елдестірмақ – елшіден», – деп қазақтың көрші елдермен байланыс орнатуына үлес қосып, сауда-саттық, егіншіліктің дамуына жол ашқан.

Бір қуантарлығы, тәуелсіз елімізде билер ұғымы қайта жаңғырып отыр. Олай деуімізге себеп республиканың әр түкпірінде 413-ке жуық Билер кеңесі құрылып, жемісті жұмыс жасауда. Бүгінде мұндай Билер кеңесі ынталық пен бірлікті насихаттап, дау-жанжалдарды бітіммен аяқтауға өлшеусіз үлес қосып келеді. Осы ретте, өңір бойынша Маңғыстау облысы аумағында Билер кеңесі филиалдарының құрылуы қоғамдағы даулардың бітіммен шешілуіне көмектескенін айтып өткен жөн.

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯ: НЕНІ БІЛГЕН ЖӨН?

Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті таратқан хабарламаға қарағанда, жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкі туралы декларацияны (270.00 нысан) қағаз түрінде тапсыру мерзімі 15 шілдеде аяқталды. Оны қағаз түрінде тапсырып үлгермегендер енді 15 қыркүйекке дейін электронды түрде тапсыруына болады.

Жеке тұлға декларацияны тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына тапсыруы қажет. Жалпыға бірдей декларациялаудың бірінші кезеңі былтыр басталды. Онда активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны ұсынған тұлғалар биыл 1 қаңтардан бастап кірістері мен мүлкі туралы декларацияны ұсына бастаған еді. Олардың қатарына мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілгендер, банк және сақтандыру нарығының және бағалы қағаздар нарығының ірі қатысушылары, сондай-ақ аталған тұлғалардың жұбайлары кіреді.

Электронды үкімет порталындағы мәлімет бойынша, жалпыға бірдей декларациялауға көшудегі басты мақсат: көлеңкелі экономикамен және сыбайлас жемқорлықпен күрес үшін жеке тұлғалардың табысы мен мүлкіне тиімді бақылау жүйесін құру, сондай-ақ салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауды қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлін күшейту болып табылады.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексінің қолданысқа енгізу туралы» заңның 45-1-бабы негізінде Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялау 4 кезең бойынша жүреді.

I кезең – 2021 жылдың I қаңтарынан басталады. Онда жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары); мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары); мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары); «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңдарына сәйкес декларацияны табыс ету міндеті жүктелген тұлғалар декларация тапсырады.

II кезең – 2023 жылдың I қаңтарынан басталады. Онда мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және т. б. саласын қоса алғанда) және олардың жұбайлары (зайыптары); квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері және олардың жұбайлары (зайыптары) декларация тапсырады.

III кезең – 2024 жылдың I қаңтарынан басталады. Онда заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары (қатысушылары) және олардың жұбайлары (зайыптары); дара кәсіпкерлер және олардың жұбайлары (зайыптары) декларация тапсырады.

IV кезеңде – 2025 жылдың I қаңтарынан бастап азаматтардың қалған санаты декларация тапсыратын болады. Жалпыға бірдей декларациялау кезінде жеке тұлғалар декларациялау жүйесіне енген кезде активтер мен міндеттемелер туралы (250.00 - нысан) декларацияны тапсырады. Кейіннен халық кірістер мен мүліктер туралы (270.00 - нысан) декларацияны жыл сайын тапсыратын болады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

КИЕ

ТІЛ – ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Тіл – мемлекеттің табан тіреуін тұғырлы темірқазығы. Тіл – өз халқымыздың рухани байлығы, өткені мен болашағы. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жүргізіліп келе жатқан тіл саясатының арқасында қазіргі таңда тіл туралы онды қоғамдық көзқарас қалыптасып отыр. Мемлекеттік тіл мәртебесіне не қазақ тілі бүгінде ұлттық руханиятымыздың өзегіне айналды.

Көпұлтты мемлекетте қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне сай қызмет етуін қамтамасыз ету – өте күрделі мәселе. Осы тұста мемлекеттік тіл саясаты дұрыс бағытта жүргізіліп келе жатқанын баса айтуға тиіспіз. Қай кезде болмасын тіл мәселесі – сол тілде сөйлейтін, сол тілден сусындаған, ұлттық, ділдік белгісі болып саналатын халықтың мәселесі. Халқымыздың біртуар перзенті Мағжан Жұмабаев: «...Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілінің кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді», – деп тіл жайында терең толғанған екен.

Тілді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағытының бірі. Бүгінгі таңда «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деп түсініп, тілдің қоғам өміріндегі қолданысына, оның бүгінгі мен болашағына толғанатын жанашырлар мемлекеттік тіл мәселесіне ерекше назар аударып отыр. Мемлекеттік тілге деген құрмет пен ықылас ұлттық сананың биігіне көтеріліп, жалпыхалықтық мүдде кеңістігіне шығуы қажет. Тіл Отан көлемінде қуатты қатынас құралы бола тұрып, халықаралық байланыста да өзінің

мемлекеттік мәртебесін сақтауы үшін жас ұрпақтың жеке тұлғалық қасиеті мен патриоттық сезімін ұштастыра тәрбиелеу – біздің парызымыз. Сонда ғана қазақ тілі қоғам өмірінің бар саласында шынайы сұранысқа ие болады.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылуында мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерудің маңызы орасан зор. Тілді дамытудың жолы аз емес. Халықаралық келіссөздердің көпшілігін мемлекеттік тілімізде жүргізу, жоғары оқу орындарындағы қабылдау емтихандары мен оларды бітіретін кездегі мемлекеттік емтихандардың қатарына қазақ тілінің де енгізілуі, республикалық кеңестерді екі тілде бірдей өткізуге бірте-бірте көшу, іс қағаздардың мемлекеттік тілде жүргізілуінің белгілі бір нормаларын белгілеу сияқты шаралар қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін арттырып, беделін күшейте түсер еді.

Қазақ тілінің тағдыры мемлекеттің дамуы және ел болашағы үшін қаншалықты маңызды екендігін біздің әрқайсысымыз да терең түсінеміз. Қазақ халқының бүгінгі ұрпағы мақтанғысы келсе, артында осыншама тіл байлығын қалдыра білген бабаларымен мақтана алады. «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту», – деген екен Бауыржан Момышұлы. Мемлекеттік тілімізді аман сақтап, ілгері дамыту үшін бәрімізге ұлттық сана, азаматтық биік тұғыр, мемлекеттік идеология қажет. Еліміздің экономикасы мен әл-қуаты артып, саяси-әлеуметтік еңесі көтерілген



сайын, ұлттық тіл мен ұлттық рухымыздың да өскенін, ұлттық мүддемізді екінші қатардағы қосалқы дүниедей болып қалмауын қадағалау – бәрімізге парыз.

Қазір біз тілдің дамуының бүкіл жауапкершілігін өз мойнымызға алдық, өзімізден өзіміз талап ететін кезеңге жеттік. Қазақ тілі үшін бәріміз де қарыздармыз, сондықтан қолымыздан келген қамқорлығымыз бен көмегімізді өз тілімізден аянып қалмайық! Өйткені тіл – біздің ұрпағымыздың панасы.

И.ДОСЕТОВ,
Маңғыстау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

ҚҰҚЫҒЫҢА ҚҰЛАҚ САЛ!

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңға өзгеріс енгізілді. Осы құжаттың 42-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес, кондоминиум иелері мүлік иелері бірлестігінің немесе көппәтерлі үйдің жай серіктестігінің кондоминиум объектісін басқарудың жаңа нысанын белгілейді.

Қолданыстағы ПИК (пәтер иелерінің кооперативі) керек МИБ (мүлік иелерінің бірлестіктері) немесе ҚС қарапайым серіктестік) ауыстырылады. Олар схема бойынша жұмыс істейтін болады: бір үй – бір басқару органы (МИБ немесе ҚС) – екі банктік шот (ағымдағы және жинақ).

Бірінші кездесуде пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың иелері:

- кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін басқару және күтіп ұстау бойынша пәтер, тұрғын емес үй-жай иелерінің мүдделерін қорғайтын үй кеңесінің мүшелері;
- кондоминиум объектісін басқару нысаны немесе басқару формасын таңдау үшін осындай өкілетті үй кеңесіне беру.

Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың иелері басқарудың екі формасының бірін таңдауға міндетті:

1. Мүлік иелерінің бірлестігі (МИБ) – тұрғын емес үй-жайдағы пәтер иелері құрған заңды тұлға;
2. Қарапайым серіктестік – заңды

КӨППӘТЕРЛІ ҮЙДІҢ КОНДОМИНИУМ ОБЪЕКТИСІН БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА НЫСАНЫ

тұлға құрмай, пәтерлердің және тұрғын емес үй-жайлардың барлық иелерін тікелей бірлесіп басқару. Бұл ретте, кондоминиум нысандарын басқарудың екі нысаны да «бір үй – бір бірлестік немесе жай серіктестік – бір шот» қағидағы бойынша жұмыс істейтін болады, бұл мүлік иелерінің әр бірлестігі немесе жай серіктестік өзінің ағымдағы және жинақ ақшаларын ашатындығын білдіреді.

Жалпы отырыста МИБ төрағасы; тексеру комиссиясы (тексеруші), МИБ төрағасы пәтер, үй-жайлар иелерінің арасынан сайланады. Құрылыс пәтерге басқару функцияларын орындайды, қызмет субъектілерімен қызметтер көрсету үшін дербес шарттар жасасады. Ол пәтер иелері арасынан бір жылдық мерзімге сайланады. Төраға әділет органдарында тіркеледі; тұрғын емес үй-жайларды жалға алушылар мен иелерінің тізімін қалыптастырады, мердігерлермен шарттар жасайды; тұрғындардың шешімдерін орындайды; Жиналыс пен үй кеңесі қабылдаған шешімдер туралы ақпаратты жалпы қолжетімділік орындарда орналастырады; екінші деңгейдегі банктерде ағымдағы және жинақ шоттарын ашады; тұрғындар мен мердігерлердің

міндеттерін орындауды бақылайды; жиналыстарда тұрғындарға айлық және жылдық есептерді ұсынады; кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүліктерін күтіп ұстауға байланысты басқа функцияларды орындайды.

МИБ төрағасы барлық соттарда, мемлекеттік органдарда және ұйымдарда сенімхатсыз өкілдік етуге құқылы. Оның еңбек ақы мөлшерін жиналыста көп пәтерлі үйдің барлық иелері келісіп шешеді.

ПИК-тен МИБ-не көшу жөніндегі жалпы жиналысты бастауға кім құқылы?

Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің жиналысы ПИК-тен МИБ-ке көшу туралы немесе басқа мәселелер бойынша үй кеңесінің, қарапайым серіктестік сенімгерінің басқарушысымен немесе тексеру комиссиясының талабы бойынша шақырылады. Немесе пәтерлердің, тұрғын емес үй-жай иелерінің кем дегенде 10 пайызының өтініші бойынша немесе тұрғын үй инспекциясының өтініші бойынша өтеді. МИБ құру үшін жергілікті әкімдікке жүгінудің қажеті жоқ, пәтер, тұрғын емес үй иелерінің жиналысын өткізу жеткілікті.

Егер пәтерлердің, көп пәтерлі тұрғын үйдің тұрғын емес үй-жайларының иелері 2019 жылғы 26 желтоқсандағы қабылданған заң күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде МИБ немесе қарапайым серіктестік құрмаса, онда жергілікті атқарушы орган кондоминиум объектісін басқару нысанын таңдау үшін пәтерлердің, көп пәтерлі тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің жиналысының өткізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Сонымен бірге, пәтер иелерінің кооперативі автоматты түрде жойылмайды. Бірақ басқарушы немесе қызмет көрсететін компаниялар болып қайта құрылуы тиіс. Қазірдің өзінде олар жана мәртебеде үйлерді күтіп ұстау бойынша өз қызметін жалғастыруда. Құрылған МИБ немесе қарапайым серіктестіктер олармен келісім жасау-жасамау туралы шешімді дербес қабылдайды. Егер бұрын ПИК көп пәтерлі үйдің ортақ мүлкін күтіп-ұстау бойынша қызметтерді тапсырыс беруші және мердігер ретінде әрекет еткен болса, онда МИБ тек тапсырыс беруші ретінде әрекет етеді. Жұмыскерлер саны көп болмайды. Яғни, жалға алушылар басқару немесе қызмет көрсету ұйымдарын тартып, мердігерлермен, коммуналдық

қызметтермен шарттар жасайды және орындалатын жұмыстардың көлемі мен түрлерін және олардың кондоминиум нысаны үшін төлемдерін бақылайды.

МИБ тіркеу үшін құжаттарды қалай дұрыс ресімдеу керек Құжаттарды дайындаған кезде ҚР ИИДМ-нің 2020 жылғы 30 наурыздағы №163 бұйрығымен бекітілген Ережеге сәйкес мәжіліс хаттамасының және сауалнама парақтарының стандартты нысандарын қолдану қажет. Дауыс беру парақтары хаттамамен бірге нөмірленіп, тігілуі керек. МИБ жарғысы тіркеуші органға екі тілде ұсынылуы керек: мемлекеттік (2 дана) және орыс (2 дана). Жарғыны әзірлеу кезінде пәтер иелерінің өмірін жеңілдету үшін жасалған мүлік иелері ассоциациясының Үлгі Жарғысын негізге алуға оңай.

Егер пәтер иелері өздерінің МИБ жарғысын өз бетімен әзірлеуді шешсе, онда «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның негізгі нормаларын енгізу қажет.

Ансар ШИРМЕТОВ,
Түркістан облысы Әділет департаменті тіркеу қызметі саласындағы әдістемелік қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің басшысы

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

ҚАШЫҚТА ӨТКЕН ПРОЦЕСС

Елімізде тәуелсіз әрі әділ сот билігін қалыптастырудың өз міндеттері белгіленген. Атап айтқанда, ол міндеттерде соттар мен судьяларды одан әрі мамандандыру, солар арқылы халықтың сотқа деген сенімін нығайта түсу, қазылар біліктілігін көтеру, материалдық-техникалық базаны жаңарту, сала жұмысына электронды ақпараттық-технологияларды енгізу секілді маңызды мәселелер қамтылған.

Қазақстанның озық мемлекеттермен терезесін теңестіру басты мақсат десек, көздеген межеге жетуде елімізде барлық мүмкіндік қарастырылған. Әсіресе, бұл талап заңнамалық тұрғыда нығаюда. Ресми ақпараттарға сүйенсек, бүкіл әлемдік экономикалық форумның жаһандық қабілеттілік индексе сай, базалық көрсеткіш пен бірінші соттардың тәуелсіздігі, халықтың оған деген сенімі және меншік құқығын қорғаумен бағаланады екен. Демек, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын әділ қорғауда қашанда ашықтық пен қолжетімділіктің маңызы зор. Бұл тұрғыда озық технологиялардың алар орны айрықша. Соңғы жылдары салада қолға алынған бастамалар да осы ақпараттық технологияны қолдануымызға көбірек енгізуге бағытталған.

Бүгінде сала жұмысына сандық технологияны енгізу сот төрелігін іске асырудың барлық кезеңін, яғни, сотқа құжат тапсырудан, соттың шешімі мен атқару парағын алғанға дейінгі уақытты қамтуда. «100 нақты кадам» ұлт жоспарының 20-қадамына орай, ел соттары дыбыс және бейне құрылғыларымен толықтай қамтамасыз етілді. Бұл өз кезегінде судьялар мен процесске қатысушылардың процессуалдық нормаларды сақтауына оң ықпал етті. Жаңа ақпараттық технологияға негізделген электрондық бағдарламалар бүгінде оң нәтижесін көрсетуде.

ҚР Жоғары Соты «Сот жүйесінің жеті түйіні» бағдарламасы аясында «SMART сот» пилоттық жобасын іске қосты. Осы жоба жұртшылыққа сот

процесіне қашықтан қатысуға мүмкіндік беріп, оңтайлылығын көрсетуде. Пандемиялық жағдайға орай екі жыл бұрын қашықтан жұмыс істеп бастаған соттарымыз, жүйенің тиімділігін сезініп әлі күнге сот отырыстарын «TrueConf», Zoom, Skype, WhatsApp және басқа да байланыс құралдарының көмегімен бейнебайланыс арқылы онлайн жүргізуде. Бүгінде сот процестерін қосымша уақыт пен қаражат шығындамай-ақ қашықтан бейнеконференц байланыс арқылы өткізу қалыптасуға айналды. Онлайн режимінде өтетін сот процестерінде электронды хаттама толтырылып, дыбысбейнежазба жүргізіледі. Бейнебайланыс арқылы процесске қатысу үшін смартфон, планшеттік компьютер, тіпті, смарт сағат көмегіне де жүгінуге болады. Тек арнайы бағдарлама жүргізуді керек.

Қашықтан сот отырысына қатысу сырқат жұқтырудан сақтап, барлық жерде қауіпсіздіктің кепілі болып табылады. Соңғы күндері індеттің қайта өршіп бара жатқанын ескерсек, сот жүйесі онлайн жұмыс істеуге қалыптасып үлгерді деп айта аламыз. Істерді қашықтан қарау тараптардың сот отырысына қатысуын қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар, істің қаралу мерзімін қысқартады. Оның ең басты артықшылығы тараптар сотқа келмей-ақ, құқықтарын қорғай алады.

Жалпы, алғанда сот жүйесіне енгізілген барлық ақпараттық-инновациялық технологиялар азаматтар мен заңды тұлғаларды сот әуресінен құтқарды. Сонымен бірге жаңа технология сот ісін жүргізуді жеңілдетеді, төрешілдік кедергілерді қысқартады, сот органы қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады. Бұлар өз кезегінде халықтың сотқа деген сенімін одан әрі нығайта түседі.

Данияр СЕМБАЕВ,
Әуезов аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БІТІМ

ТАРАПТАРДЫҢ ЕРІКТІ КЕЛІСІМІ

2011 жылғы 28 қаңтарда «Медиация туралы» заң қабылданды. Заңның басты мақсаты дауды (дау-шарды) шешуде екі тарапты да қанағаттандыратын нұсқаға қол жеткізу, дауласушылық деңгейін төмендету.

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылады. Мұндай келісім үшінші бейтарап көзқарасты ұстанатын медиатордың қатысуымен де жасалады. Өйткені, медиацияны дау-жанжалдарды шешудің баламалы әдісі, тараптарды өзара келістіру тәсілі немесе мәмілегер, бітімгер деп түсінген абзал. Ол екі жақтың еріктілік, құпиялық, тең құқылығын сақтай отырып, тараптардың өзара тиімді бітімге келуіне жол ашады.

Аталмыш заңның толықтай күш алып, медиацияның құқықтық институтқа айналуы ең бірінші медиаторлардың өздеріне тікелей байланысты. Сонымен қатар, оларға сот орындары, құқық қорғау органдары, жергілікті әкімшілік тарапынан жан-жақты қолдау көрсетіліп келе жатыр. Бүгінгі қоғамда «Медиация туралы» заңның орны ерекше.

Ең бастысы, медиатордың бейтараптығы процедураға араласуға жол бермеушілік принциптерімен ерекшеленеді. Бір-біріне талап қоюшы тараптар сотқа дейін де, сот барысында да медиаторға жүгіну арқылы өзара тиімді мәмілеге келе алады. Қылмыстық істерді қарау аясында тараптар келісімге кел-



геннен кейін іс сотта бейбіт келісім ретінде мақұлданады.

Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық өнегесі. Қорыта келгенде, «Медиация туралы» заңның қабылдануы өркениет көшіне батыл бет түзген біздің қоғамымызда оң өзгерістердің жүзеге асырылып жатқандығының айқын көрінісі екендігін айғақтайды.

Д.ОМАРОВ,
Ақтөбе облысы Темір аудандық соты
кеңесінің бас маманы-сот отырысының
хатшысы

ОҢ ҚАДАМ

СОТТАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жолдауында құқық қорғау институттарын күшейтуге ерекше басымдық берген еді. Нәтижесінде елімізде әр азаматтың ел тағдырын шешуге тікелей қатысуына мүмкіндік берген, жан-жақты демократия мен жаңа Қазақстан құру бағдарын нығайтатын реформа іске асырылды. Еліміздің бүкіл құқықтық жүйесінің тірегі боп саналатын Ата Заңымыз біршама өзгерістерге ұшырады, нақты айтқанда 33 бабы өзгеріске түсті.

Реформа баршаңыз айтып жүрген «Жаңа Қазақстанды» құруға бағытталған. Жаңа даму сатысын қамтамасыз ететін құрылым құрылды. Көптеген құзгіреттер өзгерді, адам құқығынан бастап, жергілікті өзін-өзі басқару деңгейіне дейін жауапкершілік күшейе бастады. Яғни, ендігі жерде кез келген азамат өзінің құқығын қорғау, әділ төрелікті талап ету мақсатында ең жоғары инстанция – Конституциялық соттың шешіміне жүгіне алады. Бұл реформа сот және құқық қорғау жүйесіне көп өзгеріс әкелді.

Соңғы жылдары еліміздің сот жүйесі кезең-кезеңімен жаңғыртылып отыр. Әкімшілік әділет жүйесін енгізу, дауларды шешудің балама тәсілдерін қолдану, сот жүйесіне деген сенімді одан әрі нығайту, процесс тараптарының нақты жарыспалылығына қол жеткізу, ақтау үкімдерін арттыру – бәрі де конституциялық заңдылықты сақтай отырып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің алғышарттары. Соңғы 3 жылда азаматтық дауларды сотқа жеткізбей шешу жобасы аясында істердің 37 пайызы татуласумен аяқталған.

Жоғарғы Сот ұсынған деректерге сәйкес, 2018 жылға дейін ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша бір жылда орта есеппен 23 адам

ақталса, соңғы 4 жылда жыл сайын 160-тан астам азаматқа қатысты ақтау үкімі шыққан.

Соттың сапалы жұмыс істеуі, реформаны жүзеге асыру – ең алдымен сот кеңесінің жұмысына тікелей байланысты. Сондықтан сот билігі электрондық сот ісін жүргізу жүйесін, «Сот кабинетінің» мүмкіндіктерін, барлық өңірлердегі соттар жұмысын бақылауға жол ашатын автоматты бағдарлама енгізген. Сот ғимаратына келген азаматтарды бірінші болып қабылдап, сұрақтары бойынша жол көрсететін – кеңсе мамандары. Олардың киім үлгісі, сөйлеу мәдениеті, әдеп нормаларын сақтауы сот жүйесі туралы қоғамдық пікірді қалыптастырады. Сонымен қатар, жылдам әрі заманауи тұрғыда қызмет көрсету үшін толық техникалық және материалдық жағдай жасау нәтижеге жетер жолды кеңейте түседі.

Қазіргі кезде республика соттары толық әрі қалыптасқан жағдайда жұмыс жасап келеді. Барлық критерийлер бойынша көрсеткіштерді жақсарту, барынша сот жүктемесін төмендету мүмкіндіктеріне ие. Екінші жартыжылдықтан бастап барлық соттар Жаңа Қазақстанның құқықтық деңгейін арттыру жолында жаңаша келбетпен жұмысқа кірісіп кетті.

Президент айтқандай, соттар, шын мәнінде, тәуелсіз, ашық және кәсіби болмаса, заң үстемдігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Мемлекет осыған орай ауқымды жұмыс жүргізуде. Жыл сайын тұрақты түрде сот кадрларының сапасын жақсарту, азаматтардың сотқа қорғалуын күшейту, сот ісін жүргізуді оңтайландыру мәселелері жетілдіріліп келеді.

Е.КАЗИЕВ,
Маңғыстау облысы
Мұнайлы аудандық соты кеңсе
менгерушісінің міндетін атқарушы

БАСТАМА

СЕРВИС КӨПКЕ ТАНЫМАЛ

Қазақстан судьяларының VI съезінде сот ісін жүргізу процесіне ақпараттық технологиялар енгізу туралы міндет қойылған болатын. Осы ілкімді тапсырманы орындау мақсатында Жоғарғы Сот «Сот кабинеті» электронды форматын әзірледі.



Негізінде, «Сот кабинеті» – бұл электронды ақпараттық сервис, сот құрылымында қолға алынған заманауи технологияларының бірі. Электронды сервис ең алдымен халыққа сот жүйесінің қолжетімділігі мен сот ісін жүргізуді жеңілдету мақсатында іске асырылған. Қолданушылар ұсынылған «кабинет» арқылы сотқа электронды түрде талап қою, арыз, шағым, өтініш беруге, мемлекеттік баж салығын онлайн режимде төлеуге, сот құжаттары мен жалпы сот ісіне қатысты барлық құжатты қадағалап отыруға мүмкіндік алды. Сондай-ақ, сот кабинетін пайдаланушы «Іс құжаттары бойынша құжаттар» бөлімі арқылы пікір, қарсы талап қою, сот процесінің хаттамасына ескертулер, атқару парағын жолдау туралы өтініш, атқару парағының телнұсқасын беру туралы арыз, сот

актілерінің көшірмелерін беру туралы арыз және осы секілді басқа да өтініштерді бере алады. Айта кететін жайт, сотқа жоғарыда көрсетілген құжаттарды жолдау барысында уақыт жағынан белгілі бір шектеу қойылмаған, яғни қолданушылар өзіне ыңғайлы кез келген уақытта сотқа құжаттарын жолдай алады.

Аталмыш сервисі пайдалану үшін әрбір сотқа жүгінген азамат Халыққа қызмет көрсету орталығында электронды цифрлы қолтаңба алуы қажет. Нәтижесінде, тіркелген тұлға сервисінің пайдаланушысы болып саналады. «Сот кабинеті» сервисі – сот жүйесінің үлкен жетістіктерінің бірі екені сөзсіз.

Л.ҚАРЛЫХАНОВА,
Қызылорда қалалық сотының бас маман-
сот отырысының хатшысы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «MART-TRAVEL.KZ» ЖШС, БСН 180440023741, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050000, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 159 үй, 18 кеңсе. Тел.: 87722381838.

4. «ТрансОйл» СК» АҚ Семей қаласындағы филиалы, БСН 070840007662, 2022 жылдың 1 тамызынан бастап өзінің қызметін тоқтатқаны туралы хабарлайды.

Талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Семей қаласы, Гагарин көшесі, 170, тел.: 8(7222)773460.

5. «Мағжан» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі» өндірістік кооперативі, БСН 170540016413, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды.

Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Жаңақала ауданы, Маштексай ауылдық округі, Маштексай ауылы, Сейтқали Меңдешев көшесі, 1 үй, 1 пәтер.

ӨРТУРА

3. Алматы қаласы МАЭС-ның 2022 жылғы 20 шілдедегі ұйғарымымен «Хан Тенгри Service» ЖШС-не қатысты, БСН 140540022531, заңды мекенжайы: Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Қожабеков көшесі, 23 үй, №1 кеңсе, индекс 050000, оңалту рәсімін жүргізу туралы іс қозғалды.

6. Ақмола облысы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 18.07.2022 ж. ұйғарымымен «Кокше Агроинвест» ЖШС-не қатысты (БСН 990240011869) оңалту рәсімін жүргізу туралы азаматтық іс қозғалды.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisai.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIFOS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalydybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-al@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058447221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай»-Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

(Соңы. Басы өткен санды)

«Қырсық қырық ағайынды» деген де рас-ау. Бұған қоса іле-шала «қызметтік өкілеттігін шектен тыс пайдаланды» деп онтүстік-шығыстағы көлік прокуратурасы Е.Абдрахмановтың үстінен негізсіз фактіге құрылған қылмыстық істі қозғап жіберді. Оған қаржы полициясы қызметкерлеріне қару кезеңі, кеденнің әкімшілік ғимаратының ішінде қаматып тастағаны себеп болды. Онымен қоймай, сол кезде қаржы полициясының қызметкерлері кедендік ресімдеуден өткен тауар тиесулі көлікке автомат та лақтырып кетті. Сөйтіп, құдды бір Италияның «Спруг» киносериалындағы оқиғалар желісі сияқты, кедендік шекарадағы ахуал тозақтың қақпасына айналып кеткендей болды. Танертең ұйқыдан тұрған бетте ол бүгін жауларының өзіне тағы да қандай «сияпат» дайындап қойғаны туралы ойлайтын.

Әр бейнеттің өз зейнеті бар емес пе? Кеденшілер кездескен қиыншылықтарға қарамастан, жанталаса еңбек етті. Кедендік ресімдеу барысында импортталатын тауар тиесіні әр жүк көлігі қатаң бақылауда болды. Сәуір айының аяғында кедендік төлемдер миллиард теңгеден асты. «Я мзду не беру, мне за державу обидно» дейтін Верещагиннің ізбасарлары контрабандалық жолмен басқа қалталарға кетіп жатқан керуеннің жолын кесті. Сөйтіп, сол жылдың сәуір айында ғана республикалық бюджетке кедендік төлемдер бойынша 1 миллиард 86 миллион 473 мың теңге аударылды. Осылайша ол арының таза, өз ісінің ақ екенін қоғам алдында үлкен күшпен дәлелдеп шықты. Бұл қаражат «Қорғас» кеденінің 2001 жылғы бір жылдық көрсеткішінен асып кететін еді. Асыға күткен қуанышты хабарды телефон арқылы дереу Зейнолла Кәкімжановқа хабарлады. Сол кезде өзінің ризашылық сезімін жасыра алмаған министріміз:

– Ни черта себе. Молодец Ерик, так держись, – депті.

КОРҒАСТАҒЫ НӘТИЖЕ

Аталмыш жаңалық туралы З.Кәкімжанов ізін суытпай, сол кездегі Үкімет басшысы И.Тасмағамбетовті хабарлар етеді. Көп ұзамай, мамыр айында «Қорғас» кеденінің бастығы Е.Абдрахмановқа Премьер-Министр И.Тасмағамбетовтің қолы қойылған Алғыс хат берілді. Осы жетістікті кезінде қорғастық кеденшілер «Қорғас» революциясының жеңісі» деп атады. Бұл жерде, әрине, сол бір қиын да жауапты сәттерде қамқор қолын созып, тірек бола білген З.Кәкімжановтың да еңбегі өте зор. Зейнолла Халидоллаұлының министр ретіндегі бағыттың мен қарғастықшылығында шек жоқ еді. Әсіресе, Ерікжан өзін қамауға алуға келген қаржы полициясы қызметкерінің маңдайына тапаншасын төсеп тұрып:

– Министр мырза, мен қазір өзімді заңсыз қамауға алуға келген қаржы полициясы қызметкеріне тапанша кезеңіп тұрмын. Сіздің тарапыңыздан қандай көмек болатынын естігім келеді. Бұндай басыздыққа жол бере алмаймын. Атудан басқа амалым жоқ, – деген кезде:

– Қызбаланба, Ерікжан. Қазір мен саған хабарласам, – деп телефон тұтқасын қоя салады. Содан бес минуттай уақыт өткен кезде қайта байланысқа шығып:

– Ерікжан, атсаң өзің ғана ат. Мен сен үшін жауап беремін, – деген сөзі кеденшілер арасында әлі күнге дейін аңызға айналып кетті.

Міне, адам тағдыры қыл үстінде тұрған мұндай жауапты сөзге екінің бірі өз басын тәуекелге тіге алмайтыны ақиқат. Осылайша, министріміз өз атына қаншама ауыр да әділетсіз сөздер естисе де, қаншама қиындыққа тап болса да, қарамағындағы қызметкерлерін жанын салып қорғай білді. Сонымен қатар сол кездегі Алматы облысының прокуроры қызметін атқарған Жақсылық Байтұқбаевтың да еңбегі зор болды. Себебі ол Ерікжанның үстінен қозғалған қылмыстық істер мен арыздардың барлығы негізсіз, жалған фактілерге құрылғанына көз жеткізіп, әділеттіліктің салтанат құруына үлкен ықпал етті.

Сол кездері бұл жетістік жөнінде «Казакстанская правда» газетінде жарияланған «Қорғас»: трехлетние показатели – за три месяца» деген мақалада (29.06.02): «...Подобное понимание проблемы при-

суше и всей новой команде, пришедшей на основные таможенные посты страны. По крайней мере, тенденция, которая отмечена на «Коргасе», прослеживается и в остальных областях. Таможенный прогноз план в целом по Казахстану перевыполнен более чем в два раза. Пока мы беседовали с Ериканом Абдрахмановым, позвонил начальник таможи «Бахты» Бекен Нұрахметов. По его таможенное выполнение прогнозного плана составило 117 процентов, прошлогодний показатель уже перевыполнен на 600 процентов. И в целом по стране пятимесячные показатели таможенников по областям перекрывают итоговые прошлые годы. И не на тыся-

– Себебі, біз жауларымызбен ашық соғыстық. Бізді өлтірген жағдайда, тапсырыстың Рахат Әлиев жақтан шыққаны бірден белгілі болатын еді. Олар содан қорықты, – деді ештеңені жасырмай.

Иә, шынымен де «Қорғас» оқиғасынан кейін Ерікжанның артына түсіп, аяқтан шалмақшы болған әрекеттер толастамады. Оның бойындағы айтқанынан қайтпайтын қағидатшылық пен қара қылды қажарын адалдығы кей басшыларға ұнамады. Себебі, оларға Қытаймен шекарадағы «Бақты» және «Майқапшағай» кедендерінде өз билігін жүргізу керек болды. Ал Шығыс Қазақстан облысында кедендік бақылау департаментінің бастығы болып

и передал эти функции таможенникам на конечных станциях. Он довольно жесткий мужик – быстро навел порядок на границе и, не поверите, криминалитет сам по себе исчез. Сейчас организованной преступности у нас нет...»

БАТЫРЛЫҒЫНА БАС ИДІМ

2002 жылдың 12 қазанында тоғыз айдың қорытындысы бойынша Астанада Кедендік бақылау агенттігінің алқа мәжілісі өтті. Ол кезде «Бақты» кеденінің бастығы қызметінде болатынмын. Ерікжан болса, екі ай бұрын ғана «Қорғас» кеденінен ауысып, Шығыс Қазақстан облыстық кедендік бақылау департаментінің бастығы қызметіне



чи – в разы. Связываются эти перемены как с новым руководителем таможенного комитета республики, так и с приходом команды профессионалов» деп атап өтті.

Сонымен қатар «Время» газетінде жарияланған «Хоргоc гейт» деген шағын мақалада «Қорғас» кедені айына бір миллиардтан артық табыс берсе, бұл дегеніңіз Алматы облысының сол кездегі бір жылдық бюджетін құрайтыны жөнінде айтылды. Мысалы, «Қорғас» кеденінде мемлекет қазынасына кедендік төлемдер мен салықтардан түсетін ақша көлемі 1999 жылы 900 миллион теңгені, 2000 жылы 840 миллион теңгені, 2001 жылы 720 миллион теңгені ғана құраған екен. Жыл сайын импортталатын тауар айналымы бірнеше есеге өсіп отырғанына қарамастан, кедендік төлемдер, керісінше, құлдырай берген. Ал, Е.Абдрахмановтың басқаруымен 2002 жылы небәрі алты-ақ айдың ішінде ғана кедендік төлемдерден мемлекетке өткізген қаржысы «Қорғас» кеденінің соңғы он жылда бергенінен асып түскенін айта кеткен орынды. Осы орайда, сөзіміз нанымды болу үшін газет материалынан үзіндіге көз салайық: «...ранее здесь существовала система, по которой средний вес груза снижался в 15 раз, а таможенная стоимость автотранспорта – в 20 раз. Условно говоря, если сумма полного декларирования составляла \$10 тыс., то участники ВЭД платили официально 500 долларов США, а в виде наличных отдавали «кассирам» \$3-4 тыс... Средства аккумулировались и под прикрытием правоохранительных органов доставлялись в определенные места «боссам»... («Панорама», 22.03.2002.).

ЖЕҢІЛГЕНДЕР КЕШІРМЕЙДІ

Ерікжанның «Қорғас» кеденіндегі жеңісінен кейін ел арасында әртүрлі қауесеттер жүрді. «Жеңіліс тапқандар оны кешірмейді» деген ызғарлы сөздер де айтылмай қалған жоқ. Сондай күндердің бірінде мен кезінде өзімізді қызғыштай қорғап, үлкен қамқорлық жасаған сол кездегі Мемлекеттік кіріс министрі Зейнолла Кәкімжановпен кездескен едім. Өңгіме арасында Зейнолла Халидоллаұлы маған:

– Сол кезде біздің жауларымыз мені және Ерікжанды өлтіруге тапсырыс беріп қойған болатын. Бізді неге өлтіре алмағанын білесің бе? – деді. Мен білмейтіндімді айтқандымда, сөзін қайта жалған:

Ерікжан тұрғанда, олар ондай басыздыққа бара алмайтыны анық. Үстінен бірнеше мәрте қызметтік тексерулер де жүргізілді. Бірақ қызметтен қуатындай ешбір ілік таба алмады. Ақыры оны шығыстан ығыстырып, кедендік бақылау департаментінің бастығы етіп Ақмола облысына жіберді. Ал Ерікжан болса, Ақмола облысына барған бетте де тыныш жатпай, үлкен бір ұймдасқан қылмыстың бетін ашты. Жалған транзит фактілері бойынша үш айдың ішінде ғана Қылмыстық кодекстің 209-бабы бойынша (экономикалық контрабанда) 23 қылмыстық істі қозғап жіберді. Бұндай көрсеткіш департамент тарихында болмаған еді. Соның нәтижесінде талай контрабандистер ат-тонын ала қашып, олармен байланыста болған бірнеше кеденші жұмыстан қуылды. Сөйтіп, ештеңеден қаймықпайтын Ерекен аз ғана уақыттың ішінде тағы да үлкен бедел жинап алды.

2008 жылы Ерікжан Абдрахманов «Достық» кеденіне бастық болып тағайындалды. Тағы да Қытаймен шекара, тағы да айқай-шуы көп жер. Жанадан тағайындалған төрағамыз, генерал-майор Қозы-Көрпеш Кәрібозовтың оны сол жерге не үшін тағайындап отырғаны да түсінікті еді. Кеденді бандиттік құрылымның ықпалынан ажыратып, темірдей тәртіп орнату керек болды. Осылайша, Ерікжан «Достық» кеденінде де ержүрек әрі қағидатшыл бастық ретінде өз қолтаңбасын қалдыра білді. Оған дәлел ретінде 2012 жылдың 14 сәуірінде «Время» газетінде жарияланған «Чужие здесь не воюют» атты мақалаға (авторы Т.Кучуков) тоқтала кеткенді жөн көрдім. Онда автор «Достық» стансасындағы көліктік полиция бөлімшесінің бастығы, подполковник Ерлан Әлімбаевке сұрақ қойған кезде ол былай деп жауап беріпті. Газет материалынан үзінді:

«– Несколько лет назад начальником таможи «Достык» Жанарбаева Нургуль жаловалась, что местный криминалитет полностью оккупировал границу и все переходы. Она утверждала, что ее же подчиненные «сходят под бандитами». Что-то изменилось с тех пор?

– Я в те годы работал в другой службе, но слышал про передел сфер влияния. После Жанарбаевой начальником пришел Ерикан Абдрахманов. Он перестал проводить растаможку грузов на «Достыке»

тағайындалған еді. Алқа мәжілісіне көңілім көтеріліп, үлкен дайындықпен бардым. Себебі көрсеткіштеріміз кедендік төлемдер бойынша өткен жылмен салыстырғанда 600 пайызға көтерілген болатын.

Өкінішке қарай, сол алқа жиынына алғаш естімін деп барған басым бәрі керісінше болып, қызметіммен қош айтыстым. Кедендік бақылау агенттігінің жанадан тағайындалған төрағасы Бердібек Сапарбаевтың «Майқапшағай» кеденінің бастығы Бауыржан Смағұлов екеуімізді қызметтен босату жөніндегі бұйрығы оқылған кезде, біз ештеңені түсінбей қалдық. Бір қарасам, Ерікжан қара бұлттай түнеріп кетіпті. Дереву орнынан атып тұрып:

– Төраға мырза! Мен сіздің бұндай кадрлық саясатыңызбен және мына жігіттерді қызметтен босату жөніндегі шешіміңізбен келіспеймін. Бұлардың жұмысты жақсы жолға қойғаннан басқа не жазығы бар? Сондықтан да бүгін мен де сіздің атыңызға мәлімдеме жазып, кеден органынан кетемін...», – деді.

Зал сілтідей тынды. Әрине, атышулы «Қорғас» кеденінде қандық жүйеге жақын адамдармен айтқанда сағы сынбаған және әскери борышын Ауғанстанда өткерген Е.Абдрахмановтың мынадай мінез танытуы залда отырған талайлардың мысын басып тастады. Тіпті, төрағаға қарсы шықпақ түгілі, көлеңкесінен қорқатын кейбіреулер үшін төбеден жай түскендей әсер еткені де сөзсіз. Дәл осы жерде алқа жиналысының нүктесі де қойылды.

Жиналыс біткен соң Ерікжан Абдрахмановтың жанына келіп:

– Ереке, бізге араша түскеніңізге рақмет. Бірақ бекер істедіңіз. Мына сөзіңізден кейін сізді де орныңызда қалдыра қоймас, – дедім.

Дәл сол кезде Ерікжанның әділдік жолында ештеңеден таясалмайтын және досы үшін басын тәуекелге тіге білетін қасиетінің алдында басымды иген едім. Әлі де иіп келемін.

Мына жағдайдан кейін біздің кедендегі қызметімізге нүкте қойылатын шығар деп ойлаған едім. Себебі, Бердібек Машбекұлы мен Ерікжанның арасында болған түсініспеушілікті пайдаланып, жанып тұрған отты одан сайын көсеп жібермекші болған пенделер де бой көрсеткені рас. Оларға Ерекеннің орны керек еді. Алайда, Бердібек Сапарбаев ағамыз өсекке ермей

және кек сақтамай, үлкен азаматтық танытты. Оның бойындағы адамгершілік пен іскерлік қасиеттерін және мінезіндегі өткірлік пен шыншылдықты жақсы бағалай білді. «Мен тар жолда жолдасын тастап қашпайтын сен сияқты азаматтарды сыйлаймын» депті әңгіме арасында оған. Сөйтіп, мемлекеттік марапатқа да ұсынды. Соның нәтижесінде Ерікжан Абдрахманов Елбасының Жарлығымен 2005 жылы екінші дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды. Бұндай адамгершілік екінің бірінің қолынан келмейді, әрине. Әсіресе, қазіргі заманда. Осы бір сәттік оқиға арқылы Ерікжан ғана емес, Бердібек Машбекұлының да азаматтық бейнесі айқындала түсті.

СОҢҒЫ ДЕМ

**нәмеce
ЖАУЫНГЕРЛІК РУХ**

Иә, тау адамдарының өзіндік мінезі болады. Бәлкім, «Тау баласы тауға қарап өседі» деген сөз де осындайдан шыққан болар. Қайсар мінез, өжеттік, керек жерінде қатыгездік пен қаталдық әр адамға туған топырақтан сіңеді десек, қателеспеспіз. Сондықтан да оның бойындағы алақұйын мінезіне байланысты лақап аты да өте көп болатын. Біреулер оны Алтайдың тумасы болғандықтан «Кербұғыз» десе, енді біреулері «Афганец» дейтін. Ал енді қылышын сермеп, қып-қызыл айқастың ішінде жүргенін көрген кезде, «Чапай» деп те айтатын. Ол шынымен де нағыз жауынгер болатын. Сондықтан да оның досы қанша көп болса, жаулары да аз емес еді. Бейбіт өмірдің өзінде бүкіл өмірі күреспен өтті. Ол ылғи да: «Все можно купить, кроме чести и совести», – деп айтатын.

Ерекен тек күресіп қана қойған жоқ. Қаншама шәкірт тәрбиелеп, оларға ақиқат жолында таясалмай күресуді үйретті. Алайда, оның жасаған ерлігін қайталау әлі күнге дейін бірде-бір кеденшінің маңдайына бұйырмалы. Мүмкін, уақыт өте келе, Ерікжан сияқты азаматтардан тәрбие көрген кеденшілердің жаңа толқыны көкжиектен көрініс беретін шығар. Тіпті, соңғы демі таусылып бара жатып, тілін қәлимаға келтіріпті. Не деген ерік пен жігер десеңші! Содан кейін қасында отырған жан досы, полиция полковнигі Оралбек Белімбаевқа қарап: «Қанжарымды әкеліп берші, Ореке» деп өтініш жасапты. Оралбек дереу қанжарын қынабынан шығарып, қолына ұстатыпты. Сөйтіп, қанжарының ұшын көкке қаратқан күйі көзі жұмылып кете берген екен. Бұл да бір жауынгерлік рухтың белгісі болса керек. Себебі, ұлы қолбасшы, КСРО маршалы Г.Жуков өлерінің алдында қолына қылышын ұстап жатып көз жұмыпты деген дерек бар.

Ол осы күндерге жетуді армандап еді. «Жағымпаздық пен жемқорлықтан шаршайды қой. Бұларда тойым бола ма өзі?!» деп күйінетін. Сондықтан болар, жасы елуден асқан шағында шашы түгелдей ағырып кетті. Оның ағарған әр тал шашының түбінде қаншама қиянаттың белгісі жатқаны бір өзіне ғана аян, әрине.

Қазіргі уақытта Қытаймен шекарадағы ахуал өзгеріп, кеденнің бақылау аймағын монополия жасап алған кланды топтар кетті. Бұл жағдайды көргенде ол қалай қуанар еді, шіркін! Оның бар арманы осы еді ғой. Өкінішке қарай, бұл күнді көруді Жаратқан иеміз оның маңдайына жазбапты.

Жуырда Өскемен қаласына жолым түсті. Бірінші кезекте Ерікжан ұстазымыздың мәңгілік мекеніне барып, құран бағыштадым. Бейіт басындағы полковник формасындағы суреті көзіме тұтасылды. Өткір жанары мен қою қара мұртына қарап, бейне бір Бауыржан Момышұлына ұқсатқандай болды. Шынымен де екі батырдың мінезінде өзара ұқсастық көп еді. Бар-жоғы 58 жас ғұмыр кешіп, Алтай тауының етегінде бір төмпешік қана болып қалыпты. Алайда, осы кішкене төмпешіктің астында қандай асқақ рухтың иесі жатқанын біреу білсе, біреу білмейді, әрине. Сөйтіп, ол көзінің тірісінде ешкімнің алдында басын иемей, өз биігінде көз жұмды. Ерекен шынымен де Кербұғыз сияқты текті және Алтайдан шыққан арыстан жүректі азаматтардың бірі емес, бірегейі еді.

Иә, дүние жалған екені ақиқат. Кейде мына бес күндік фәниде болып жататын кейбір келенсіз көріністерге қарап тұрып, сол жерге Ерікжанның тоқпағы жетпей тұрған сияқты көрінеді маған. Шерағанның (Шерхан Мұртаза) сөзімен айтқанда, «Бір кем дүние»...

Бекен НУРАХМЕТОВ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағамбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмухамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 87089299874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана
Тапсырыс №105 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2кб», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31